

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Республикалық қосымша білім беретін оқу-әдістемелік орталық  
Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Республиканский учебно-методический центр  
дополнительного образования**

**«Әлемдік музыкалық әдебиет»  
пәні бойынша оқу бағдарламасы және оқу-әдістемелік ұсыныс  
(балалар музыка мектебіне арналған)**

**Учебная программа и учебно-методические рекомендации по  
предмету  
«Мировая музыкальная литература»  
(для детских музыкальных школ)**

**Астана, 2014**

**«Әлемдік музыкалық әдебиет» пәні бойынша оқу бағдарламасы және оқу-әдістемелік ұсыныстар. Құрастырған:** Бейх С.В., № 12 Балалар музыка мектебі (Алматы қаласы). Жалпы редакциясын басқарған Н.Н.Станевич. - Республикалық қосымша білім беретін оқу-әдістемелік орталық, Астана, 2014. – 106 бет.

**Учебная программа и учебно-методические рекомендации по предмету «Мировая музыкальная литература» (с 9-летним сроком обучения). Сост.:** Бейх С.В., Детская музыкальная школа № 12 (г. Алматы). **Под ред.** Станевич Н.Н. – Республиканский учебно-методический центр дополнительного образования, Астана, 2013. – 106 стр.

Балалар музыка мектебіне арналған «Әлемдік музыкалық әдебиет» пәні бойынша оқу бағдарламасы түрлі үлгідегі қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептерге үлгілік бағдарлама ретінде ұсынылады.

Қосымша білім беру ұйымдары мен жалпы білім беретін мектептердің ерекшеліктерін ескере отырып, толықтырулар мен өзгертулер енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Учебная программа по предмету «Мировая музыкальная литература» для детских музыкальных школ (с 9-летним сроком обучения) рекомендована организациям дополнительного образования различного типа и школам в качестве типовой.

Предусматривается возможность внесения дополнений и изменений с учетом специфики школ и организаций дополнительного образования.

*Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының  
әдістемелік кеңесінде қаралып, баспаға ұсынылған  
(Хаттама №1, ... наурыз 2014 жыл )*

*Рекомендовано к печати Методическим советом  
Республиканского учебно-методического центра дополнительного  
образования (Протокол №.. от ... 2014 года )*

## Мазмұны

Алғы сөз	4
Пәннің мазмұны	
Кіріспе	6
Негізгі бөлім	
Пәннің тақырыптық жоспары	7
Оқу-тақырыптық жоспар	8
Күтілетін нәтижелер	37
Бағдарламалық талаптар	40
Тестілеудің үлгі тақырыптары	42
Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары	48
Әдістемелік қамтамасыз ету	49
Қорытынды	51
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	52

## Содержание

Пояснительная записка	57
Содержание дисциплины	
Введение	58
Основная часть	
Тематический план дисциплины	59
Учебно-тематический план	61
Ожидаемые результаты	87
Программные требования	91
Примерные темы тестирования	92
Условия реализации программы	99
Методическое обеспечение	99
Заключение	101
Список используемой литературы	102

## АЛҒЫ СӨЗ

Қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды жаңа заманның, жаңа қоғамның дамуы кезеңінде, яғни «жетекші фактор – адам, олардың еркі, энергиясы, адами келбеті, білімі»<sup>1</sup> тұрғысынан тәрбиелеу алдыңғы кезектегі міндеттердің бірі болып отыр. Олардың өмірде аяғынан нық тұруы, әлеуметтік ортадан өз орнын таба білуі үшін «кәсібилік, отансүйгіштік, алдағы ұзақ мерзімді міндеттерін айқын белгілей алу қабілеті мен оларды жаңа жағдайда шеше алу қасиеті»<sup>2</sup> ерекшелендіруі қажет. Аталған үдеріс үздіксіз әрі көпқырлы, бұл орайда балаларға қосымша білім беру ұйымдары едәуір басымдыққа ие, себебі білім алушылардың жеке тұлға болып қалыптасуы балалардың дәл осы кезеңдегі жасында жүреді. Сондықтан Балалар музыка мектебінің, атап айтқанда, «Әлемдік музыкалық әдебиет» пәнінің басты мақсаты – жеке тұлғаның үйлесімді дамуына, олардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға; білім алушының танымын кеңейтуге, әлемдегі барлық қоғамдық мәдени құндылықтарды меңгеруіне өз үлесін қосу.

Бағдарлама «Балалар музыка мектебіне арналған музыкалық әдебиет» бағдарламасы, «Балалар музыка мектебіне арналған қазақ музыкалық әдебиет» бағдарламасы және «Мектептен тыс мекемелерге және жалпы білім беретін мектептерге арналған музыкалық әдебиет» бағдарламасы (курсты оқыту тәсілінің принциптеріне) материалдарына негізделген. Аталған Музыкалық әдебиет пәнінің бағдарламасы жоғарыда аталған жеке пәндердің бағдарламаларын біріктіруді және бірыңғай принциптік әлеуетін қарастыруды ғана көздемейді, сонымен қатар оқытылатын материалдың үздіксіздігін және сабақтастығын жүзеге асыра отырып, пәннің мазмұнын кеңейтуді ұсынады. Мұндай тәсіл жекелеген ұлттық мектептердің музыкалық мәдениетін бірыңғай уақыт мерзімінде оқытуға мүмкіндік береді, балаларға көркемдік шығарма бағыттарының өзгеру, өнер туындылары тақырыбының өзектілігі мен авторлардың шығармашылық әдістерінің алмасу себептерін түсіндіре отырып, ел өнері мен адамдардың қоғамдық өмірінің тығыз байланыста болатындығы туралы толық мәлімет беріледі. Бағдарлама XIV-XX ғасырлардағы тарихи кезеңді қамтиды және алдыңғы бағдарламалармен салыстырғанда білім алушылардың көркемдік жағынан өте сезімтал талғамын тәрбиелеуге ықпал ететін тақырыптар аумағы кеңінен қарастырылған. Курс әсемдікті классикалық музыка секілді түпнұсқадағы барлық музыканы тұтастай түсінуіне бағытталған. «... оқушы – Бетховеннің жиырма бес сонатасын білетін емес, бес сонатасын білетін бала, мұнда сан сапаға айналады»<sup>3</sup>.

1. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2030», Алматы, 1998, 15 бет.

2. Назарбаев Н. «Қазақстан - 2030», Алматы, 1998, 80 бет

3. Нейгауз Г. Об искусстве фортепианной игры. М., 1967, 33 бет

«... Егер адам тек қана неғұрлым жеңіл (тіпті жақсы) өнердің билігінде болса, онда ол адамзат ұлы өнер деп атайтын үлкен, салмақты өнерден соншалықты жырақта болады ... Ол (жеңіл өнер) біздің рухани әлеміміздің терең түкпіріне жете алмайды, тек оның жоғары қабатын сипап өтеді»<sup>4</sup>.

Музыкалық әдебиет бойынша оқу бағдарламасының **мақсаты:**  
шығармашылық тұрғыдан белсенді және өз бетінше ойлай алатын жеке тұлғаның үйлесімді дамуын қалыптастыру.

**Міндеттері:**

- эстетикалық талғамын қалыптастыру;
- музыкалық білімі, білігі мен дағдысын қалыптастыру;
- қазіргі әлемдік мәселелерді түсіне және үн қоса алатын ашық тұлғаны қалыптастыру;
- белсенді өмірлік әлеуетін қалыптастыру;
- отансүйгіштік сезімін және ұлтаралық қатынас мәдениетін тәрбиелеу;
- серіктестік қатынастың маңызды факторы ретінде халықтың мәдени даму тарихы мен оның мәдени құндылықтары жөнінде білімін қалыптастыру.

---

4. Кабалевский Д. Дорогие мои друзья. М., 1977, 148 бет

## **Пәннің мазмұны**

### **Кіріспе**

Бағдарлама тарихи хронология принципiне сәйкес құрылған және Батыс Еуропа, Ресей және Қазақстан елдерiнiң музыкалық мәдениетiн бiрыңғай уақыт мерзiмiне бiрiктiрiп қамтиды. Бағдарлама бойынша оқу үдерiсi 4-жылдық оқыту курсына бағдарланған, жалпы сағат саны – 136 (аптасына 1 сағат). Барлық оқу материалы әрбiр жаңа кезеңде оқытылатын материалды тереңдету принципi бойынша төмендегiдей құрылған.

Тақырып: «Ән, би, марш». Тақырыппен танысу бiрiншi оқу жылының I тоқсанында басталады. Бiрiншi оқу жылы бойы музыкалық үлгiлердегi жанрлық шығарма үнемі қарастырылады. Бiрiншi оқу жылының соңы – тақырыпты бекiту. Екiншi оқу жылы – И.С.Бах сюиталарындағы ескi билер, Бетховен шығармаларындағы экосездер мен контрданстар, Моцарт пен Гайдн шығармаларындағы минуэттер қарастырылады. Екiншi оқу жылының соңы – бекiту: «Композиторлар шығармаларындағы жанрлық негiздер». Басқа мысал, тақырып: «Қайта өрлеу дәуiрiндегi музыкалық мәдениет». Бiрiншi оқу жылының соңында алғашқы ұғымдар берiледi. Романтизмге өтудегi ерекшелiктердi салыстыру, олардың арасындағы байланыстар мен параллельдер (екiншi оқу жылы). Үшiншi оқу жылының соңы – тақырыпты бекiту: «XIV-XX ғасырдың өнерi саласындағы музыкалық стильдер». Төртiншi оқу жылы – Қайта өрлеу дәуiрiнен бастап түрлi ұлттық мектептерде қалыптасқан музыкалық мәдениет бойынша тарихи экскурс. Сонымен, таңдап алынған материалды орналастыру принципi бiлiм алушылардың оқыған музыкалық мәдениеттi есте сақтау және бағдарлай алу үдерiсiне жан-жақты, яғни жазықтық бойынша да (бiрдей уақыт бөлiгiндегi түрлi музыкалық мектептер), тiгiнен де (Қайта өрлеу дәуiрiнен XX ғасыр музыкасына дейiн) ықпал етедi.

Бағдарлама жалпы бiлiм беретiн мектептегi гуманитарлық және эстетикалық цикл пәндерiмен өзара байланысты қамтамасыз етуге бағдарланған. Дәуiрдiң қоғамдық-тарихи сипаттамасы – «Тарих» пәнiмен байланысты жүзеге асырады, вокалдық және аспаптық шығармалардың туу негiзi – «әдебиет» пәнiмен, сабақ барысында дәуiрдi сипаттау барлық өнер түрлерiнiң сабақтастығы тұрғысынан берiледi. Бұл әлемдiк көркемдiк мәдениетпен байланыстың айғағы, ал, музыка мектебiнде өтетiн шығармашылық сабақтар мамандықты (музыкалық аспапты меңгеру) насихаттаумен, хор сыныптарымен байланыста жүргiзiледi. Сабақ барысында өнердiң хореографиялық, театрлық, қолданбалы-сәндiк және көркемсурет түрлерiн оқыту барысында көрнекiлiк материалдарын қолдану бүкiл эстетикалық цикл

пәндерімен тығыз байланыста жүзеге асырылады. «Пәнаралық байланыс білімді терең әрі берік етеді, ол білім алушылардың едәуір үйлесімді және жылдам дамуына бағытталған»<sup>5</sup> - дейді А.Лагутин.

## **Негізгі бөлім**

### **Пәннің тақырыптық жоспары**

Пәннің тақырыптық жоспары төмендегідей орналастырылған:

Бірінші оқу жылы: музыкалық өнер, музыкалық жанр және оның түрлері, сондай-ақ орындаушылармен танысу. Қайта өрлеу дәуіріндегі музыканың зайырлы және рухани бағыттары туралы алғашқы түсініктер. Қайта өрлеу және Барокко стилінің сипаттамасы.

Материал түсінікті тілмен жазылған, бұл кезеңде музыка жайлы жалпы түсініктер беріледі. (Оқыту «спирал» түрінде жүреді, яғни өткен материал келесі едәуір күрделі сатыда пысықталады. Берілетін білімдік материалдың жинақталу мөлшеріне және білім алушының жас ерекшелігіндегі өзгерістерге орай, педагогтің алғашқы материалға басқа, едәуір күрделі жағдаяттарда қайта айналып соғуына мүмкіндік беріледі). Білім алушылар сол тарихи кезеңнің композиторларымен және олардың шығармаларымен танысады. Әр оқу жылында пысықтау, бақылау немесе шығармашылық сабақтарға сағат беріледі, бұл педагогке топтың, берілетін материалдың және басқа да жағдаяттардың ерекшелігіне орай өз еркі бойынша пайдалануына мүмкіндік береді.

Екінші оқу жылы – тарихи хронология жалғасады. Оқытылатын материал И.С.Бахтан басталады, веналық классикалық мектебіне жалғасқан музыкалық мәдениетке, веналық классик композиторлардың шығармашылығына шолу жасалады.

Ресейдің музыкалық мәдениеті көрсетілген оқу жылында орыс халық әндерінің даму эволюциясын; XVIII ғасырдың музыкалық мәдениетін (алғашқы орыс опералары, Фомин, Бортнянский, Хандошкин секілді А.Алябьев, А.Варламов, А.Гурилев шығармаларындағы романс жанры; орыс классикалық музыкасының негізін қалаушы М.И.Глинка және А.Даргомыжский шығармаларын қарастырады.

«Қайта өрлеу дәуірінен Ағарту дәуіріне дейін» тақырыбы – бірінші оқу жылынан бастап, өткен материалдарды қайталауды, пысықтауды және жүйелеуді көздейді.

IV тоқсаннан бастап XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шетелдік музыка мәдениетімен танысу қарастырылған.

---

5. Лагутин А. Методика преподавания музыкальной литературы в ДМШ. М., «Музыка», 182

Үшінші оқу жылы – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы аспаптық, опералық және вокалды музыканы қамти отырып, музыка мәдениетімен танысуды аяқтайды. Тақырыпты толығымен аяқтаған соң, бірыңғай уақыт кезеңіндегі ұлттық мектептердің ерекшеліктерін пысықтайды және салыстырады. XIX ғасырдың екінші жартысында Франция, Венгрия, Чехия, Германия, Норвегия, Италия, Ресей композиторларының шығармалары қарастырылады (Балалар музыка мектептері үшін Музыкалық әдебиет бағдарламасында қарастырылмаған қосымша материалға дәуірдің немесе композиторлардың жаңашылдығының негізгі көркемдік принциптерін көрсету мақсатында шолу жасалады). «XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы музыкалық мәдениет» тақырыбы шетелдік музыканың жаңа шығармашылық бағыты мен Ресейдің музыкалық мәдениетіндегі ерекшелік туралы мәлімет береді.

Төртінші оқу жылы: «XX ғасыр музыкасы» – тақырыпты оқу тарихи шолу түрінде кіріспе сабақтардан басталады, онда өтілген материал қайталанады және толықтырылады.

«Джаз» тақырыбы мүлдем жаңа болып саналады, онда оның өмірге келуі мен дамуы қарастырылады, сондай-ақ американдық композитор Д.Гершвин шығармаларымен танысады. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, джаздың музыкалық мазмұнының ерекшелігін және оның XX ғасырдың музыкалық мәдениетіне ықпалын мойындау керек, сондықтан аталған тақырыпқа бағдарламада тиісті орын берілген. XX ғасырдағы Ресейдің музыкалық мәдениеті Музыкалық әдебиет бағдарламасына сәйкес беріледі.

Қосымша материалдар бойынша иллюстрациялар таңдау көбіне педагогтің шығармашылық әлеуеті мен білім алушылардың өзін-өзі тануының дамуына тәуелді болады. Мұнда топтың жеке ерекшелігін ескеру аса қажет, сондықтан қандай да болмасын нақты ұсыныс беру мүмкін емес. Оқытылатын материал көлемі оны сабақтан тыс уақытта меңгеруді қарастырады: концерт, көрме, қойылымға бару, сондай-ақ шығармашылық сабақтарға даярлық. Көркемдік шығармалар жайлы ойтолғау алған білім мен эмоционалдық сезімді бекіте түсуге ықпал етеді. Оны түрлі әдістер арқылы жүзеге асыруға болады.

## **Оқу-тақырыптық жоспар**

### **Бірінші оқу жылы.**

Бірінші оқу жылында оқу материалдары музыкалық мәдениет негіздерімен танысуға арналған.

### **I Бөлім. Музыканың тұрмыстағы түрлері**

#### **1. Кіріспе.**



Кіріспе әңгіме бала алдынан музыка әлемінің есігін ашады: музыкалық шығарма мазмұнының әртүрлілігі, музыкалық туындыларда адам сезімдерінің берілуі. Білім алушылар түсінігінде музыкасыз өмірдің болмайтынын бекіту.

Сабақта қолданылатын музыкалық материал педагогтің таңдауы бойынша алынады.

Мысалы:

- «музыкалық ертегі» – Глинка «Черноморский марш», Чайковский «Марш оловянных солдатиков»;

- «музыкадағы табиғат» – Косенко «Во поле береза стояла», «Дождик»;

- «күнделікті өмірдегі музыка» – Глинка «Полька», орыстың халық биі «Барыня» (немесе қазақтың халық биі) және т.б.

## **2. Ән, би және марш музыкасы.**

Алдыңғы сабақты жалғастыру және қайталау. Педагог қолданып отырған материал негізінде музыкалық шығамалар мазмұнының әртүрлілігін қайталай отырып, баланы шығарманың жанрлық негізіне қарай жетелейді. Ән, би, марш – оларға бірден түсінік береді: халықтық және кәсіби музыка, ән шумағының түрі (мәтіні мен қайырмасы). Осы шығармалар үлгісінде музыканың мәнерлік құралымен танысу басталады: мажор және минор, әуен, сүйемелдеу.

## **3. Ән.**

Халықтық және кәсіби ән. Халық әндерінің өмір жағдаяттарына байланысты түрлері: еңбек туралы, дәстүрлі және лирикалық. Халық шығармаларының ежелгі көріністері: дастандар және тарихи әндер. Композиторлардың халықтық шығарма түрлерін жинақтауы және олармен танысуы.

Кәсіби ән: ерекшелігінің өзгешелігі, тақырыптың әрқилылығы. Әннің мәнерлік құралдары: мәтін және музыка, әуен және сүйемелдеу, шумақтың түрі. Әнді орындаудың әртүрлілігі: жеке орындау, ансамбль, хор.

Музыкалық түсініктер қарастырылады (музыкалық материалдар үлгісінде): а capella; сүйемелдеу; шумақтық түрі; ән салу дауысы: сопрано, альт, тенор, бас; әуен; ырғақ; музыканың мәтінмен байланысы.

Орыс халық әні: «Эй, ухнем», «Ходила младшенька по борочку», «Ай во поле липенька».

Қазақ халық әні: «Жар-жар», «Туған жер», «Елімай», «Өмір туралы».

Кәсіби ән: Потапенко «Котенок и щенок», «Почему

медведь зимой спит»; Книппер, Хамиди «Май жыры», «Бұлбұл»; Абай «Айттым сәлем, Қаламқас».

Хорлар. Түрлері: ерлер хоры, әйелдер хоры, аралас хор, балалар хоры. Дауыстар, олардың диапазонға тәуелді атаулары. А capella хормен және сүйемелдеумен орындау. Оқытылатын материал бойынша музыкадағы мәнерлеу құралдарын қайталау және пысықтау.

Прокофьев «Александр Невский» – хор «Вставайте, люди русские»; Моцарт «Реквием» – «Слезная»; Чайковский «Евгений Онегин». «Девицы, красавицы»; Бородин «Князь Игорь» – боярлар хоры; С.Мухамеджанов оратория «Ғасырлар үні» 3-көрініс, педагог таңдауы бойынша хор а capella.

#### **4. Билер.**

Би – адам өмірінің көрінісі. Әр түрлі халық билері. Батыс еуропалық ескі билер: аллеманда, сарабанда, куранта, жига, гавот. Эстрадалық-тұрмыстық билер: вальс және оның вальс-бастон түрі, танго, румба, степ. Музыкалық би жанрының мәнерлік құралдары: музыканың қимылмен байланысы, метр және ырғақ.

Орыстың халық биі «Барыня», «Кадриль»; украин халық биі «Гопак», белорусь биі «Будьба», кавказ биі «Лезгинка», грек биі «Сертаки», норвег биі «Халлинг» (педагог таңдауы бойынша әлем халықтарының басқа да билерін алуға болады). И.С.Бах «Бранденбургский концерт» № 1 Фа мажор: 3 және 4 бөлімдер (жига және минует), Сарабанда «Оркестрлік сюитадан» № 2 си минор. И.Штраус «На прекрасном голубом Дунае», Огинский «Полонез», Монти «Чардаш» (таңдауы бойынша басқа эстрадалық-тұрмыстық билер қолдануға болады).

#### **5. Марш.**

Марштың түрлері, марштық музыкаға тән ерекшелік. Аспаптық және вокалдық марштар. Музыканың мәнерлік құралдарымен ары қарай танысу: ритм, ырғақ, өлшем (2 және 4 үлестік) түрі. Марштық музыканың мәнерлік құралы: қадамның ырғағы, нақты ритм, аккордтық сүйемелдеуді меңгеру.

Римский-Корсаков «Снегурочка» операсынан «Шествие Берендея», Чайковский «Марш деревянных солдатиков», Верди «Аида» операсынан «Марш», Дунаевский «Спортивный

марш», Мендельсон «Свадебный марш», Шопен «Похоронный марш», Белый «Орленок», Островский «Пусть всегда будет солнце».

## **6. Композиторлардың шығармаларында әндік-билік және марштық музыканы қолдануы.**

Аталған жанрлардың музыкадағы, халықтық және кәсіби музыкадағы, басымдық жағдайлары. Бұл жанрларды шағын және күрделі аспаптық музыка түрлерінде қолдану. Жанрға тән ерекшеліктерді пысықтау, музыканың мәнерлік құралдарын қайталау (оқытылатын материал негізінде).

Глинка – «Среди долины ровныя» әні тақырыбы бойынша фортепианоға арналған вариация, Лядов «8 Русских народных песен для оркестра», Мұхамеджанов оратория «Ғасыр үні» (3 бөлім), Чайковский «Щелкунчик» балетінен «Вальс цветов», Глинка «Иван Сусанин» операсынан «Мазурка», Верди «Аида» операсынан Марш, Мендельсон «Песни без слов» (таңдауы бойынша), Хамиди «Қазақ вальсі».

## **7. Аспаптық музыка.**

Аспаптық музыканың көп түрлілігі. Аспаптармен танысу (педагогтің қалауы бойынша тек кейбір аспаптармен танысады, себебі оқыту барысында кеңірек танысады). Жеке орындау, ансамбль түрлері, оркестр, оркестрдің түрлері. Қарастырылатын түсініктер: тембр, аспаптық музыканың шағын және күрделі түрлері. Музыканың мәнерлік құралдарын пысықтау.

С.Прокофьев «Петя и волк» симфониялық ертегісі (педагог таңдауы бойынша түрлі шығармаларда аспаптармен танысуға болады, мысалы, Хачатурян оркестрімен скрипкаға арналған «скрипка-концерт» және т.б.), халық күйі «Тепеңкөк», Тәттімбет «Сылқылдақ», Ықылас «Кертолғау», халық күйі «Қыз мұңы». Халық (қазақ және орыс), сондай-ақ симфониялық, үрмелі және камералық оркестрлерге арналған шығармалар – педагог таңдауы бойынша.

## **8. Бағдарламалық және бағдарламалық емес музыка.**

Айырмашылығы. Бағдарламалық музыка түрлері (суреттік және сюжеттік). Бағдарламалық музыканың нақтылығы және бейнелілігі. Аспаптық музыканың дыбыстық-көркемдік мүмкіндігі.

Чайковский «Времена года» және «Детский альбом» пьесалары (педагог таңдауы бойынша), Мусоргский «Картинки с выставки» шығармасынан «Избушка на курьих ножках», Хачатурян «Гаянэ» балетінен «Танец с саблями», Дәулеткерей «Қосалқа», Құрманғазы «Сарыарқа», Ықылас «Аққу».

Қарастырылатын түсініктер: көркемдік тәсілдір және т.б. Музыканың мәнерлік құралдарын пысықтау. Іздестірілетін жағдаят құралдары: бағдарламалық емес шығармадағы музыкалық бейне.

## **9. Музыка және театр.**

Драмалық қойылымдар мен кинодағы музыкалық сүйемелдеудің рөлі;

Музыканың мультфильмдер мен кинофильмдегі жетекші маңызы.

Э.Григ «Пер Гюнт», музыка жетекші рөл атқаратын кезкелген мультфильм және көркемсуретті фильмнен көрініс. Педагог таңдауы боцынша – мультопера. «И.Гозный» немесе «А.Невский» көркемсуретті фильмдерден көрініс.

Опера – жанр ерекшелігі: өнер синтезі. Жанрдың дамуына қысқаша шолу. Мазмұнның көптүрлілігі. Операның түрлері: речитатив, ария және т.б.

Глинка «Руслан и Людмила» (үзінділер). Шығарманың негізгі идеясы, Глинка музыкасына тән ерекшеліктер.

Балет – жанр ерекшелігі: өнер синтезі. Би мен пантомимоның кірігуі. Кейбір билердің сипаттамасы (па-де-де, па-де-труа, кордебалет). Чайковский «Лебединое озеро» (үзінділер), «Щелкунчик» (дивертисмент), Ғ.Жұбанова «Аққу туралы аңыз» (үзінділер).

Балеттердің қысқаша мазмұны. Аяқталған жеке би пьесаларының алмасуы.

Оперетта – жанр ерекшелігі. Жанр дамуына қысқаша шолу. Музыканың жанрлық құрылымының әртүрлілігі: ариалық, речитатив, әндік, би музыкасы, сондай-ақ эстрадалық музыка.

Ю.Милютин «Цирк зажигает огни» (көрініс) немесе Б.Александров «Свадьба в Малиновке», И.Штраус «Летучая мышь» (үзінділер).

Водевиль және мюзикл – ерекшелігі және өзгешелігі. Музыканың рөлі. Жанрдың дамуына қысқаша шолу. Водевильдің негізгі элементтері: диалог, куплеттер, романстар, билер. Мюзиклға тән

сипаттама: эстрадалық және тұрмыстық музыканы, хореографиялық, драмалық және опералық өнерді қолдану.

М.Легран «Шербурские зонтики» мюзикл-операсы, Г.Гладков «Бременские музыканты» мультфильмі, Роджерс «Звуки музыки», И.Дунаевский «Веселые ребята» немесе «Весна» (кинофильмдерден үзінділер).

## **II Бөлім. XIV-XVIII ғасырдағы музыкалық мәдениет.**

### **1. Кіріспе.**

Дәуірге сипаттама: әлемді тануға қызығушылық, ғылыми жаңалықтар, адамды құрметтеу, әдебиет саласындағы, сәулет өнеріндегі, мүсіндеудегі кескіндеудегі көркем шығарманың озық кейіпкерлері. Алдыңғы қатарға зайырлы жанрларды шығару. Көпдауысты ән.

Педагог таңдауы бойынша мадригал, мотета, месса (көпдауысты орындауды бекіту ретінде).

### **2. Зайырлы және рухани музыка.**

Көпдауысты хор музыкасының жетекші жанры – мадригал, мотет, месса. XVI ғасырда мадригал жанрының өрлеуі. Жанрдың шығу тегі, ерекшелігі: мәтін, түр, полифониялық және гомофонно-үйлесімді тәсілдір. Мотет - жанр ерекшелігі, сипаттамасы. Зайырлы және рухани музыкадағы мотет. Месса - Қайта өрлеу дәуіріндегі вокалды өнердің едәуір көлемді жанры. Жанр ерекшелігі, орындаушылық құрамы.

Органдық музыка. Аспап ерекшелігі. Зайырлы орган аспабының өмірге келуі және шіркеулік органдық музыканың әрі қарай дамуы. Жаңа аспаптардың пайда болуы: клавесин, клавикорд. Органдық музыкаға едәуір жақын жанрлар: вариация, ричеркар, прелюдия, токкат. Педагог таңдауы бойынша, фономатериалдар мен басқа да ерекшеліктерінің қолда болуына орай, аталған тақырып материалдарының көлемін қысқартуға болады. Мұнда негізгі мәселе – орындаудың көпдауыстылығы, жаңа аспаптардың (зайырлы салондар мен зайырлы музыка) және органдық (шіркеулік) музыканың болуы.

Дж.П. да Палестрина Папа Марчелло мессасы (үзінді), К.Дж. ди Веноза мадригалдарының бірі, О.Лассо «Слезы святого Петра».

### **3. Барокко стилі.**

Стильдің негізгі сипаты, өкілдері. Жанрлық көптүрлілігі: опералық, аспаптық, рухани музыка. Концерто-гроссо жанры – танысу. А.Вивальди . жанрдың композитор шығармаларында өрлеуі. «Времена года» – шығармамен танысу.

Аталған шығарма мысалында музыканың мәнерлік құралдарын пысықтау.

Аспаптық музыка – соната жанры, композитор Д.Скарлаттимен танысу; клавирлық музыка – Ф.Куперенмен, Г.Перселмен, А Вивальдимен («Времена года») танысу. Скрипка және ішекті аспаптар оркестріне арналған Ля минор концерті (үзінді). Д.Скарлатти – педагог таңдауы бойынша сонаталарының бірімен танысу. Ф.Куперен «Тростники», Г.Персен «Новый Граунд», К.Монтеверди мадригалдарының бірі, «Орфей» (үзінді).

## **Екінші оқу жылы**

### **I Бөлім. XIV-XVIII ғасырдағы музыкалық мәдениет**

#### **1. Кіріспе.**

Өткен материалды қайталауға, оқылған материалды едәуір есте сақтауға және бағдарлауға арналған, сондай-ақ білім алушыларды И.С.Бахтың шығармашылығын оқуға дайындау.

#### **2. И.С.Бах.**

Музыкалық мәдениеттегі И.С.Бах шығармашылығының маңызы. Шығармаларының мазмұны, олардың жанрлық көптүрлілігі. И.С.Бахтың орындаушылық шеберліктегі жетістіктері. Зайырлы музыкалық шығармалары: сюиталар, ХТК, концерттер. Рухани шығармалар: месса, органдық шығармалар.

2-3 дауысты инвенциялардың бірі. Прелюдиялар мен ХТК фуганың бірі (таңдау бойынша). № 1 Бранденбург концерті (үзінді), сюиталарының бірі (педагог таңдауы бойынша), Токката и fuga ре минор, хор прелюдиясының бірі (таңдау бойынша), «Страсти по Матвею» (үзінді).

Міндетті түсіндірілетін ұғымдар: орган аспабының өмірге келуі және оның құрылысы туралы мәлімет, сюитаның («ескі билер» тақырыбындағы музыкалық материалдарды қайталау), полифониялық және гомофонды-гармониялық стилінің құрылымы туралы түсінік, фугоның құрылымы.

#### **3. Классицизм дәуірі.**

Аталған көркемдік стильдің өмірге келуі, оның басқа стильдермен және көркемдік ағымдармен өзара байланысы. Көркемдік принциптері: логикалық негізделуі, анықтылығы, жүйелілігі, қарапайымдылығы. К.В.Глюка шығармашылығында опера жанрының дамуы, Мангейм мектебі шығармашылығында аспаптық музыканың жандануы. Классицизм музыкасының өрлеу шыңы – веналық классикалық мектептің өнері. Аспаптық жанрлардың өрлеуі: симфония, соната, шекті кuartет. Симфонизм әдісінің құрылуы, симфониялық оркестр мен сонаталық-симфониялық циклдың қалыптасуы.

**- И.Гайдн.**

Веналық классикалық мектеп негізін қалаушылардың бірі. Симфониялық оркестрдің тұрақты құрамын қалыптастыру – Й.Гайдннің еңбегі. Симфония – композитор шығармаларының жетекші жанры. Өмірбаяны мен шығармашылығына шолу жасау. Композитор шығармаларына тән қасиет – тақырып арасында алшақтықтың болмауы, құрылымында – музыкалық тақырыптың ішкі қайшылығын анықтау.

Ми минор немесе Ре мажор сонатасы. Симфонияларының бірі (педагог таңдауы бойынша).

Міндетті түсіндірілетін ұғымдар: сонаталық, симфониялық цикл, оның құрылымы, рондо түрі.

#### **- В.А.Моцарт.**

Композитор шығармашылығының айрықша ерекшелігі: классикалық қатаңдық пен түрдің анықтығын терең сезімталдықпен біріктіру. Өмірі және шығармашылық жолы. Моцарт – классикалық жанрдың негізін қалаушылардың бірі. Фортепианолық шығармалары: соната түрін дамытуды жалғастыру, сондай-ақ фантазия жанрындағы шығармаларды дамыту. Ле мажор сонатасын құру ерекшелігі.

Симфониялық шығармалары: 4 бөлімді циклды түбегейлі бекіту, нақты түрді және көптеген нәзік сезімдік қалыптарды сақтау. Рухани шығармалар: «Реквием» – опералық және полифониялық музыканың кірігуі, жанрға сипаттама.

Соната Ля мажор, Симфония соль минор (бөлім және басқаларынан үзінді) «Реквием» - таңдауы бойынша. Барлық өткен материалдарды пысықтау қажет.

#### **- Л.Бетховен.**

Гайдн мен Моцарт мұраларына сүйену, сондай-ақ музыкалық өнер мүмкіндігін барынша кеңейту. Шығармашылығына Француз революциясының әсері. Шығармаларының айрықша ерекшелігі: динамизм, тақырыптың рельефтілігі, музыканы түнектен жарыққа қарай дамыту. Өмірбаянына және шығармашылығына шолу. Сонатаның шығармашылығы - композитор «шеберханасы». Соната мен симфонияның жанрлық көпқырлылығы, соната аясының кеңеюі. Увертюра – бағдарламаның музыка үлгісі, жанрға сипаттама. «Эгмонт» увертюрасы. Шығармаларының даму драматургиясы.

Соната до минор № 8 «Патетическая», соната до минор № 14 «Лунная», Симфония до минор № 5, Увертюра «Эгмонт».

Міндетті түсіндірілетін ұғымдар: шығарма идеясы, шығарма драматургиясы, кода және оның тағайындалу драматургиясы. Барлық өткен ұғымдарды музыкалық шығармалар арқылы пысықтау.

### **- Опера.**

Өткен материалды қайталау: жанрдың дүниеге келуі мен ары қарай дамуы, опера түрлерін пысықтау: сөздік, ария және т.б. Глюка шығармаларындағы опера. Веналық классиктер шығармаларындағы опера. Моцарт шығармаларында операға ерекше мән беру. Моцарт реформасы: музыканы драмамен біріктіру, портреттердің анықтығы, оркестрдің рөлі, шынайылық негізі.

«Свадьба Фигаро» операсы – увертюра, Фигаро ариясының 1 көрінісі, Барбарина ариясы, «Рассказать...» ариясындағы Керубино ариясы, Ансамблдердің бірі (педагог таңдауы бойынша). «Волшебная флейта» мульт операсы.

Қарастырылатын ұғымдар: сөздік-сессо, речитативтің, ансамбльдің, арияның тағайындалуы.

### **4. Ресейдің музыкалық мәдениеті.**

Ресейдегі өмір тіршілік ерекшелігі. Музыкалық мәдениет және қалыптасқан музыкалық жанр. Музыканттардың хал жағдайы. Халық әні және оның ұлттық музыка мектебін қалыптастырудағы маңызы. Халық әндерінің эволюциясы. Орыс халық мәдениетіндегі хорға арналған концерттің рөлі – Д.С.Бортнянский. Орыс опера мектебінің дамуы - Е.И.Фомин. Аспаптық музыканың дамуы, орыс музыкасында жаңа жанрдың дүниеге келуі: сүйемелдеусіз скрипкаға арналған сюита – И.Хандюшкин. XIX ғасырдағы орыс музыкасының келесі өрлеуіне дайындық кезеңі болып табылатын композиторлар шығармалары.

Күнтізбелік халық әні «А я в поле жито жала», тұрмыстық – «Колыбельная», хороводтық – «Пойду ль я, выйду ль я», аңыз «Про Добрыню» (Р.Корсаков), еңбек әні – «Дубинушка», революциялық – «Дубинушка».

Музыкалық үлгілерде орыс әндеріне тән сипаттама қарастырылады: дауыстық полифония, алмастыру және т.б.

### **5. Қайта өрлеу дәуірінен Ағартушылық дәуіріне дейін.**

Түрлі ұлттық музыкалық мәдениет туралы өткен материалдарды қайталау, пысықтау және жүйелеу. Бірыңғай уақыт шегіндегі музыкалық ұлттық мәдениеттерді салыстыру. Халықтың өмір тіршілігі мен олардың мәдени мұраларының өзара үздіксіз байланысы.

Таңдауға және салыстыруға берілетін материал таңдау бойынша беріледі.

## **II Бөлім. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы музыкалық мәдениет**

### **1. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресейдің музыкалық мәдениеті.**



XIX ғасырдағы Ресей ұлттық музыка мектебінің қалыптасу шағы. Операға және камералық вокалдық музыкаға айрықша көңіл бөлу. Романс. Жанрдың қысқаша тарихы, оның әннен айырмашылығы. Тұрмыстық романс – қалалық тұрмыстық ән негізінде пайда болуы, ол әуесқой әншілерге есептелген. А.А.Алябьев, А.Е.Варламов, А.Г.Гурилев – танымал романстардың авторлары. Шығармаларының халықтық музыкаға жақындығы, қарапайымдылығы және шынайылығы. Романсқа тән интонация, оны сүйемелдеу ерекшеліктері.

Алябьев – «Соловей», «Зимняя дорога»,  
Варламов – «Белеет парус одинокий»,  
«Красный сарафан», Гурилев – «Колокольчик»,  
«Разлука».

**М.И.Глинка.** Орыс классикалық музыкасының негізін қалаушы. Шығармашылығының халықтық және реалистік сипаты. Негізгі жанрлары: опера, вокалды миниатюра. Композитордың ұлттық орыс операсының үлгілерін жасауы: батырлық-эпостық және ертегі-опералар. Түрінің классикалық ашықтығы және үйлесімділігі. Өмірлік және шығармашылық жолы. «Иван Сусанин» операсы: өмірге келу тарихы, сюжеті, композициясы. Музыканың ұлттық сипаты. Басты кейіпкерлерінің мінезіндегі жаңашылдық.

Шығарма талдау және музыка тыңдау.

Антонида – интродукция, каватина және рондо;  
Трио – «Не томи, родимый», көріністегі билер,  
Ваняның әні мен Сусаниннің репликасы – 3  
көрініс. Хор «Разгулялися...», Антонида  
романсының 3 көрінісі, Сусанин сөзі мен  
ариясы – 4 көрініс. Хор «Славься».

Романстар – әуендік әсемдік. Музыка мен ақындық мәтіннің үйлесімділігі. Цикл «Прощание с Петербургом». Глинка романстарының маңызы.

«Я помню чудное мгновенье», «Сомнение»,  
«Жаворонок», «Попутная песня». Оркестрге  
арналған шығармалар.

Бір бөлімді симфониялық қиял ғажайып увертюрасы. Отандық симфониялық музыканың негізін қалаушы. Шығармаларды талдау және тыңдау.

«Камаринская», «Вальс-фантазия».

**А.С.Даргомыжский.** Композитор шығармашылығы – орыс музыкасының дамуындағы жаңа кезең.

Шығармашылығындағы басты орын – романстар мен опералар. Романс – «шығармашылық зертхана». Вокалдық лирикадағы жаңа жанр - сатиралық ән. Шығармаларының мәдениеттегі жаңа бағыт – реализммен байланысы. Өмірі мен шығармашылығына шолу.

Вокалды лирика – жанрлық көптүрлілік. Музыка мен мәтін байланысының ерекшелігі. Сөз өнеріндегі әуенді қолдану.

Шығармаларды тыңдау және талдау. Композитор шығармашылығының маңызы.

«Червяк», «Титулярный советник», «Ночной зефир», «Мне грустно», «Старый капрал».

Аспаптық шығармалары – оркестрге арналған пьесалар. Тән ерекшеліктер.

«Баба Яга», «Казачок».

Опералық шығармашылығы - халықтық тұрмыстық музыкалық драма негізін салушы. Әлеуметтік теңсіздікті музыкаға ендіру.

«Русалка» - орыс сахнасындағы маңызды құбылыс. Шығармаларға шолу.

«Ария Мельника» – 1 көрініс, терцет . Andante f-moll «Ах, прошло то время...», хорлар . «Ах ты, сердце», «Заплетися, плетень», «Как на горе мы пиво варили».

Хор «Сватушка», «Песня Наташи» – 2 көрініс.

«Кватина Князя» – 3 көрініс.

## **2. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шетелдік музыкалық мәдениет.**

### **Романтизмнің өмірге келуі.**

Өнерді өзгерістерге әкелген қоғамдық-тарихи жағдаяттар. Өнер жүйесіндегі музыканың жетекші орны. Романтиктер шығармаларындағы басым тақырыптар мен олардың өмірге енуі.

Бағыттарының сипаты – адамның ішкі әлемі. Музыкалық жанрдағы өзгерістердің шарттары. Жаңа бағыт – лирикалық миниатюра. Шығармалардың бағдарламалығы, бағдарламалықтың түрлері. Фольклорға және табиғат суреттеріне ерекше ықылас.

### ***Ф.Шуберт.***

Романтизм музыкасының бірінші көрнекті өкілі. Композитормен танысу, оның музыкаға айрықша сүйіспеншілігі, ауыр тұрмыстық материалдық жағдайы. Ғұлама шығармаларының өрлеуі: түрлі жанрдағы үздік шығармалары. Шығармашылығындағы жетекші орын - вокалды лирика. Оның мазмұны мен түрінің байлығы. Әндер циклы. Аспаптық шығармалар: фортепианолық миниатюралар, сонаталар, симфониялық шығармалар. Музыка тілі мен жанрындағы жаңашылдық.

Әндер - «Серенада», «Форель», «Лесной царь», «Шарманщик».

Увертюра - «Розамунда», № 8 симфония (үзінді).

### ***Ф.Шопен.***

Поляк музыкалық мектебін құрушы. Шопен шығармашылығындағы жетекші тақырып. Отанынан жырақта болу, шығармашылығының азаматтық рухы. Лирикалық және терең драмалық кейіпкерлердің үйлесімі. Фортепианолық музыка жанрының көп түрлілігі. Музыка стилі мен тілінің ерекшелігі. Жаңашылдық: аспаптық балладаның туындауы, прелюдия жанрының өзбетінше болуы, этюдтердің көркемдігі, ноктюрннің классикалық аяқталған түрі. Өмірі мен шығармашылығына шолу. Шығармаларды талдау. Композитор шығармашылығының маңызы.

«Революционный» этюді, прелюдиялар мен ноктюрндер (1-2 таңдауы бойынша), Баллада (таңдауы бойынша біреуі), Вальс, мазурка, полонез (1-2 таңдауы бойынша), Соната си бемоль минор (үзінділер).

### **3. Өткен материалды бекіту және жүйелеу.**

Бірыңғай уақыт жазықтығындағы ұлттық мәдениетті салыстыру. Халықтың өмір тынысы мен оның мәдени мұрасының мызғымас өзара байланысы.

Таңдауы бойынша тыңдау және талдауға арналған музыкалық материал.

### **Үшінші оқу жылы.**

## **I Бөлім. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропалық музыкалық мәдениет.**

### **1. Кіріспе. Өткен материалды қайталау.**

Бұрын оқылған материалмен байланыс.

### **2. Н.Паганини.**

Композитор шығармашылығы – романтизм музыкасының өмірге келуінің айғағы. Жаңашыл суреткер: скрипкада орындау өнерінде төңкеріс жасады. Шығармаларды орындау шеберлігі. Гитарист – шебер орындаушы. Шығармаларының аспаптық музыканы әрі қарай дамытуға әсері.

«Вечное движение», капристің біреуі, скрипкаға арналған сонатаның біреуі, гитараға арналған сонатаның біреуі (педагог таңдауы бойынша).

### **3. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шетел композиторларының шығармаларындағы опера.**

Жанр, операның түрі және реформа ерекшелігін қайталау. Италиян операсы, жанр ерекшелігі.

Дж.Россини – шығармашылық жолына шолу. «Севильский цирюльник» . опера-буфф жанрының қазынасы. Дәстүрлі буффондық кейіпкерлердің реализмі. Музыканың мәтінмен тікелей байланысы. Операның едәуір жарқын нөмерлерін талдау. «Вилгельм Телль»

операсы – жаңа жанрдың бастамасы: батырлық – романтикалық музыкалық драма. Сюжеттің бостандық үшін күреспен байланысы, оркестр мен хор сахнасының рөлі.

«Севильский цирюльник» – увертюра, 1 көріністегі Фигароның ариясы, Бартоло ариясы «Клевета», сондай-ақ дон Базилио мен Розинаның вокалдық сипаттамасы (педагог таңдауы бойынша). «Вильгельм Телль» – увертюра, хор сахнасының біреуі.

#### **4. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық мектептердің ерекшелігі.**

Өткен материалдарды қайталау, пысықтау және жүйелеу. Педагог таңдауы бойынша музыка тыңдау.

### **II Бөлім. XIX ғасырдың екінші жартысындағы музыкалық мәдениет**

#### **1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы шетелдік музыкалық мәдениет.**

XIX ғасырдың екінші жартысы – романтизм дамуының кешеуілдеген кезеңі. Ұлттық және тарихи жағдайға байланысты дамудың бірыңғай және біркелкі болмауы.

##### Венгрияның музыкалық мәдениеті.

Қоғамдық-тарихи өмір салтының қысқаша сипаты. Ф.Лист – шебер орындаушы, дирижер, композитор, қоғам қайраткері. Шығармашылығында халық музыкасына сүйенуі. Көзқарасының екіжақтылығы. Орындаушылық репертуарының кеңдігі. Әртістің қоғамдағы ахуалы үшін күрес және өнердегі жаңа ағым. Көптеген композиторларға көмегі, дирижерлік, насихаттаушылық, әдебиет жайлы атқарған істері. Шығармашылық мұрасы, жаңашылдығы: музыка тілі және аспаптық музыка саласында – бір бөлімді бағдарламалық симфониялық поэма және соната – поэма жанрының негізін қалаушы. Транскрипциялар. Вокалды, симфониялық және фортепианолық шығармаларының үлгілері.

Фортепианоға арналған: «Мефисто.вальс», «Венгерские Рапсодии» (1-2 таңдауы бойынша), пьесалар циклы «Годы странствия» (педагог таңдауы бойынша әр бөлімнен бір пьеса), соната си минор (үзінділер), транскрипциялардың бірі, симфониялық поэма «Прелюдия» (үзінді), вокалды шығармалар (педагог таңдауы бойынша 1-2).

##### Францияның музыкалық мәдениеті.

Жағдайдың күрделілігі және қайшылығы: байлық пен кедейшілік. Сыртқы жағдай – жеңіл музыканың дамуы. Демократиялық қозғалыстың өршуі. Өнерде: демократияландыруға ұмтылыс, қолжетімділік, шынайы өмірден алынған сюжеттер. Операда жаңа жанрлардың дүниеге келуі: лирикалық (Ш.Гуно), оперетта (Ж.Оффенбах), балет жанрындағы жаңа романтикалық бейне (А.Адан, Л.Делиб). 70-жылдардан – аспаптық музыка мәнінің көтеріле бастауы (К.Сан.Сане, С.Франк).

**Ж.Оффенбах** – композитор, дирижер, виолончелист. Француз (париждік) опереттасының негізін қалаушылар. Негізгі тақырып төңірегінде біріккен сюжеттің көптүрлілігі - сол кезеңге тән дәстүрлерді көрсету. Француздық қалалық фольклор – музыканың негізгі көзі. Фольклордың кәсіби-көркемдік классиканың тәжірибесімен кірігуі. Опереттаның үш түрлілігі: оперетта-пародия, комедиялар, лирикалық-комедиялық оперетталар. Әуен және ритм – музыканы анықтайтын факторлар.

«Прекрасная Елена», «Парижская жизнь», «Перикола» (педагог таңдауы бойынша), Ж.Бизе және «Кармен».

**Ж.Бизе** – реалистік музыканың драмалық негізін салушы. Опера өнерінің ұлттық нақышын келтіруші. Музыкалық тақырыптың халықтық сипаты. Шығармашылық әдістің реализмі. «Кармен» операсы – реалистік психологиялық драма. Опера композициясы. Музыка тілі, музыка дамуының принциптері. Халықтық және драмалық көріністердің алмасуы.

1 көрініс – «Хабанера», «Сегильдия»;

2 көрініс – «Куплеты Тореадора», «Ариозо Хозе»;

3 көрініс – бал ашу сахнасы;

4 көрініс – антракт, «Кармен мен Хозе дуэті», Қорытынды хор.

**Г.Берлиоз** – өз дәуірінің алдыңғы идеясын тасымалдаушы, композитор әрі дирижер, музыкалық сыншы әрі публицист, дирижерлік өнердің негізін қалаушылардың бірі. Берлиоз – жаңашыл: оркестр құру саласында, бағдарламаны жаңа типте құруда. Композитор шығармашылығында вокалдық және аспаптық музыка жанрларының өзара кірігуі, симфонияның театрландырылуы.

«Фантастическая симфония» (үзінді), симфония «Гарольд в Италии», «Осуждение Фауста» (педагог таңдауы бойынша үзінділер).

Қажетті түсініктер: лейтмотивтілік, барлық танымал ұғымдарды пысықтау.

Чехияның музыкалық мәдениеті.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Чехия. Чех музыканттарының тағдыры. Ұлттың классикалық мектеп негізін салушы. Б.Сметана және оның ізбасары А.Дворжак. Чех музыкасы жанрларының жан-жақты дамуы. Композитор шығармаларының ұлттық тарихи оқиғалармен байланысы. Чех классикалық операсы және ұлттық вокалдық мектептің құрылуы. Композитор шығармашылығындағы жанрдың көптүрлілігі.

Б.Сметана – «Песня свободы», «Чешские танцы» (таңдау бойынша), фортепианолық трио g-m A.

А.Дворжак – «Славянские танцы» (таңдау бойынша), 9-симфония (үзінділер), оркестрмен виолончелге арналған концерт (үзінділер), «Русалка» операсы (үзінділер).

#### Германияның музыкалық мәдениеті.

40-жылдардағы Германия музыкалық мәдениетінің шығармашылық өрлеуі. Неміс музыкасындағы шығармашылық бағыттар тартысы: «веймарлық» және «лейпциктік» мектептер, «вагнериандықтар» және «брамсиандықтар». Вагнер мен Брамс шығармаларында немістер тіршілігінің түрлі жақтарының бейнеленуі, оның әртүрлі әдістері, музыкалық өнердің түрлі жанрлары.

**И.Брамс** – классикалық дәстүрдің мұрагері және жалғастырушысы, олардың неміс романтизмінің жетістіктерімен нығаюы. Музыканың ұлттық кейпі. Шығармаларында венгр және славен музыкаларының үлкен маңызы. Шығармаларының өмірлік мазмұны. Жанрлық көптүрлілік. Романтикалық кейіпкерлердің классикалық баяндау әдісімен қайшылығы. Шығармалардағы қатаң логика мен импровизация дамуының кірігуі. Кейіпкерлер аясы. Музыкалық концерттердің жаңа атауы.

«Венгерские танцы» (таңдау бойынша), № 3 симфония (үзінді), № 2 оркестрмен фортепианоға арналған концерт (үзінді), әндер – «Госка по Родине», «К фиалке», «Колыбельная».

#### Италияның музыкалық мәдениеті.

XIX ғасырдағы итальян операсы: seria – операның вокалдық партиялардың орындалу шеберлігін сақтай отырып, махаббат туралы мәлімдеуге айналуы. В.Беллини және Г.Доницетти, Дж.Россини – белькинто стилі басымдылығының аяқталуы. Операның жаңа түрінің тууы – реалистік музыкалық драма. Дж.Верди – итальян опералық өнерінің ұлы классигі. Халықтық, ұлттық мәдениетпен тығыз байланысы. Шыншылдық және реализм, шығармалардың әдістемелік құндылығы. Шығармашылықтың әлеуметтік бағыты. Опера

шығармаларының принциптері: либереттоның икемділігі, кейіпкердің мінез-құлқы мен сезіміне сүйенуі. Опера драматургиясының принциптері – аяқталған нөмерлердің тікелей дамумен кірігуі.

В.Беллини «Норма» операсы. Норма ариясы.  
Дж.Верди «Травиата», «Аида», «Фальстаф»  
(үзінділер) («Фальстафты» «Отеллоға»  
алмастыруға болады).

#### Норвегияның музыкалық мәдениеті.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Норвегияның тарихи ерекшелігі. Ұлттық мәдениеттің дамуы, ұлттық театрдың ашылуы. Халық музыкасын жинақтау, таспаға жазып алу. Норвегиялық музыканың алғашқы классигі - Э.Григ, шығармаларының ұлттық сипаты. Дирижерлік және ағартушылық қызметі. Шығармаларының мазмұны, олардың халық тұрмысымен байланысы. Стильдің туындауы. Жанрлық көптүрлілік. Миниатюр жанрына ұмтылыс. Шығармалардың бағдарламалығы.

Лирикалық пьесалар: «Шествие гномов», «Ноктюрн», «Свадебный день в Трольхаугене». Фортепианолық концерт. Симфониялық сюита «Пер Гюнт».

## **2. Жаңа орыс музыкалық мектебі**

*Кіріспе* – XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде музыкалық өнердің өрлеуі. Өнердің қарапайымдылығы мен қолжетімділігі үшін күрес. Аталған кезеңдегі музыкалық өмір: РЭБ, оқу орындарының ашылуы. «Могучая кучка» үйірмесінің құрылуы, оның мақсаты мен міндеттері. Композиторлармен танысу: А.Бородин, М.Мусоргский, Н.Римский-Корсаков. Жеке дарындылықтың ерекшеліктері.

*А.П.Бородин* – ірі ғалым және ұлы композитор. Бородин шығармашылығы - орыс халқының ұлылығы мен күштілігінің айғағы. Халық музыкасына сүйену. Эпикалық кеңшілік пен терең лиризмнің кірігуі. Аңыздардағы ұлы орыс кейіпкерлері және икемді әрі көнгіш шығыс кейіпкерлері. Шығармашылығының ортаңғы жағында – опера және симфония. «Богатырская» симфониясы, шығарманың эпикалық сипаты. Бірінші бөлімін талдау және тыңдау. «Князь Игорь» операсы – шығарманың эпикалық жанры, отаншылдық бағыты. Операның орыс және шығыс элементі. Хорға арналған көріністер. Кейіпкерлердің музыкалық сипаты. Әндер мен романстар – ертегі және эпикалық тақырыптар. Романстардың өзіндік мәтіндері.

«Бородинская» симфониясының 1 бөлімі,  
«Князь Игорь» операсы, вокалды шығармалар –  
«Море», «Спящая княжна», «Песня темного  
леса».

**М.П.Мусоргский** – ұлы орыс классик композиторы. Әлеуметтік жарқын шығармашылық бағыты. Шығармашылығындағы ортаңғы орында – тұлға ретінде халық. Жанрлық басты шығарма – опера. Психологиялық музыкалық портреттер жасау. Музыкалық тіл саласындағы жаңашылдық. Мусоргский шығармаларының әлемдік және отандық музыкалық мәдениеттік өрлеуіне ықпалы. «Борис Годунов» операсы – туу тарихы, шығарма идеясы. Операның басты кейіпкері – халық. Халықтық көріністер және олардың маңызы. Операларды талдау, музыка тыңдау. Вокалды шығармашылық – әндердің негізгі тақырыбы. Көптеген шығармалардың әлеуметтік бағыттылығы, шаруалар өмірін бейнелеу. «Детская» автордың сөзіне арналған әндер циклы. «Картинки с выставки» фортепианолық пьесалар циклы.

«Картинки с выставки», вокалды циклдар  
«Детская», «Без солнца», «Песни и пляски  
смерти» ( педагог таңдауы бойынша 1-2 ән).  
«Борис Годунов» операсы (негізгі көріністер).

**Н.А.Римский-Корсаков.** Шығармашылықтың ұлттық сипаты. Гармония және аспапқа бейімдеу саласындағы елеулі үлесі. Шығармашылық мұрасының негізі – опералар (әсіресе ертегі және аңыз әңгімелер әлемі). Опералық шығармалардың халық әндеріне сүйенуі. Симфониялық шығармалар және олардың маңызы. Дирижерлік қызмет. «Шехеразада» симфониялық сюитасы – құрылым циклы. Бағдарламалық. Оркестрдің жеке аспаптарының айрықша рөлі. Тақырып бірлігі. Музыканың көркемдігі.

«Снегурочка» операсы – шығарма идеясы. Туу тарихы, мазмұны. Халықтық әндер екпінінің рөлі. Операдағы халықтық-салттық көріністер. Оркестр рөлі. Кейіпкерлердің музыкалық сипаттамасы. Шынайылық және қиял ғажайып. Лейтмотивтілік.

«Шехеразада», «Снегурочка» операсы:  
Снегурочка, Берендей, Леля, Мизгирь  
портреттері; оркестрлік эпизодтар – Ену,  
Берендей патшаның шеруі, қардың еру сахнасы.  
Халықтық-дәстүрлік сахналар – «Проводы  
масленицы», хор «Ай, во поле липенька».  
Қорытынды хор.

**П.И.Чайковский.** Шығармашылық мазмұнының көптүрлілігі. Дара музыкалық тілді жасау. Шығармаларының және кейіпкерлерінің логикалық тереңдігі. Дәстүр сабақтастығы: Моцарт және Шуберт симфонияларының лирикасы Бетховен симфониясының араздығымен кірігуі.

Дирижерлік қызметі. Шығармаларының жанрлық көптүрлілігі. Халық әндерімен байланысы. Өмірі және шығармашылық жолы.



Шығармаларының негізгі тақырыбы – адамның бақыт үшін күресі. Чайковскийдің симфониялық музыкасының негізгі жанрлары. Кейіпкерлердің мазмұны, байлығы, түр тиянақтылығы. Опералық шығармашылығы – өзіндік жолын іздеу. «Евгений Онегин» операсы – кейіпкерлер сезімінің әлемі, психологиялық тереңдігі, бейнесін суреттеуді дамыту. Музыкалық тіл ерекшелігі. Балет шығармашылығы – музыкалық мазмұнға жаңа қарым-қатынас. Дамудың симфониялық тәсілдері. Вокалды шығармашылық. Чайковский романстары – кішігірім драмалық пьесалар. Мазмұн тереңдігі және кеңдігі. Чайковский – орыс музыкасында аспаптық коцерт жанрының негізін қалаушы. Ол . шетелде танымал боған алғашқы орыс композиторы.

1-симфония соль минор «Зимние грезы», «Евгений Онегин» операсы – 1-картина, Татьяна мен Ольганың дуэті, хат сахнасы, қыздар хоры, Онегин ариясы, Вальс, 5-картина. 1-2 романсы (педагог таңдауы бойынша), балеттен көріністер (педагог таңдауы бойынша) – қайталау және танысу ретінде.

### **3. XIX ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық мектептердің ерекшеліктері.**

Өткен материалды қайталау, пысықтау және жүйелеу. Педагог таңдауы бойынша музыка тыңдау.

## **III Бөлім. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы музыкалық мәдениет**

### **1. Шетелдік музыкалық мәдениет.**

Көркемдік бағыттардың әртүрлілігі. XIX ғасырдың соңғы үшінші бөлігінде импрессионизм ағымының туындауы. Бағыттың көркемдік принциптері: дыбысталу талғамы мен нәзіктігі, шағын және күрделі сезімдерді беруге ұмтылыс, әсердің қас-қағымдылығын түйсіну, табиғат суретін жандандыру. Романтизм дәстүрін жалғастыру (драмасыз және әлеуметтік тақырыпсыз). Музыкалық импрессионизмнің көрнекті өкілдері К.Дебюсси және М.Равель. Мусоргскийдің музыкалық тілі ерекшелігінің Дебюсси мен Равель музыкасына ықпалы.

*К.Дебюсси* – музыкалық импрессионизмнің негізін қалаушы. Шығармашылығындағы айрықша орын - пейзаж. Жаңа пианинолық стиль мен импрессионистикалық әуен негізін қалаушы. Композитор шығармаларында оркестрдің үйлесімділігі мен дыбысталуының маңызы. Шығармашылығындағы ерекше орын – фортепианолық музыка. Шығармаларының басқа композиторлар музыкасына ықпалы: Б.Барток, И.Стравинский.

Фортепианолық шығармалар. «Сады под дождем», «Девушка с волосами цвета льна». Симфониялық сюита «Море». Симфониялық ноктюрн «Облака».

**М.Равель** – Музыкасындағы әдеміліктің, бояуының классикалық дәстүрлермен кірігуі. Француз және испан халық музыкаларына сүйену. Жанр тақырыбының әртүрлілігі. Үйлесімдік тілінің ерекшеліктері.

Балет «Дафнис и Хлоя» (үзінділер),  
Фортепианолық шығармалар: «Игра воды»,  
«Отражение», «Ночной Гаспар», «Гробница Куперена», «Болеро» циклдарынан 1-2 пьесалар.

## **2. Ресейдің музыкалық мәдениеті.**

1905 жылғы революция қарсаңындағы азаттық қозғалысының өршуі. Жаңа көңіл-күй, жаңа тақырыптар. Өнердің күшімен қоғамды өзгертудегі романтикалық елестер (А.Скрябин), алдағы нәсерлі көктемді сезіну (С.Рахманинов). Түрлі ұрпақ музыканттарының қызметі. Вокалдық және аспаптық музыканың синтезі. Музыка түрлерінің қысымға ұшырауы, әсіресе Скрябин шығармалары (1 бөлімді симфониялық поэма). Концерт жанрының, сондай-ақ камералық вокалды және аспаптық жанрлардың күшеюі.

**С.Рахманинов.** Әр түрлі кезең мен мәдениеттегі орыс және еуропа өнері дәстүрлерінің музыкалық шығармаларда үйлесімді бірігуі. Композитордың шығармашылық мұрасы. Ерекше орында фортепианолық шығарма. Суырып салмалыққа ұмтылу, фортепианоның симфониялық оркестрге қосылуы. Фортепианолық концерттердің орталық дыбыстық идеясы. Вокалды шығармашылық.

Оркестрмен фортепианоға арналған 2-концерт, Прелюдиялар (1-2), «Музыкальные моменты» (1-2), этюдтер-картиналар (1-2). Вокалды шығармалар: «Вокализ», «Сирень», «Весенние воды»,

**А.Скрябин.** Адамның шығармашылық еркін, тұлғаның батылдығын бекіту. Іс-әрекетті идеалистік тұрғыда түсіну. Шығармашылық эволюция. Композитордың музыкалық тілі. Скрябин – пианист, өз туындыларын шебер орындаушы. Фортепианолық, симфониялық шығармалары.

Фортепианолық шығармалары: Прелюдиялар (1-2), Поэма (таңдау бойынша), 4-соната (үзінді). Оркестрлік шығармалар: «Божественная поэма», «Поэма огня».

**И.Стравинский.** Шығармаларында орыс, сондай-ақ батысеуропалық (әсіресе француз) көркемдік мәдениетінің кірігуі. Дягелевпен танысуы. Париждегі «Русские сезоны» ұйымына жетекшілік. Дирижерлік қызметі. Композитордың музыкалық тілінің ерекшеліктері. Кейінгі шығармаларындағы діни тақырып.

Балеттер: «Жар птица», «Петрушка» (үзінді).

### **3. XIV ғасыр - XX ғасырдың басындағы өнердегі музыкалық стильдер.**

Өткен материалды қайталау, пысықтау және жүйелеу. Педагог таңдауы бойынша музыка тыңдау.

#### **Төртінші оқу жылы**

### **I Бөлім. XIV ғасыр - XX ғасырдың басындағы музыкалық мәдениет**

#### **Өткен материалды қайталау және пысықтау.**

Тақырып өткен материалды қайталау және алдыңғы материалды төртінші оқу жылында өтетін материалмен байланыстыруға арналған.

Педагог таңдауы және білім алушылардың қалауы бойынша музыка тыңдау.

### **II Бөлім. XX ғасырдағы шетелдік музыкалық мәдениет.**

#### **1. Кіріспе.**

Өмірдің қоғамдық-саяси тұрғыдан өзгеруіне сипаттама, оның салдарынан өнер мәдениетіндегі ерекшеліктер. Стильдер мен шығармашылық бағыттардың көптүрлілігі. Жаңа мазмұн – жаңа түрлер, ерекше дыбысталу. Музыкалық мәдениет пен фольклор дәстүрлеріне, сондай-ақ орындаушылық өнерге қарым-қатынас.

#### **2. Еуропа елдерінің музыкалық мәдениеті.**

- **Неміс музыкасы.** Жаңа көркемдік бағыт – экспрессионизм, оның негізін қалаушылар: А.Шенберг, А.Берг және А.Вебери (жаңа веналық мектеп). Додекофонды жүйе. Композиторлардың шығармашылық құлшынысы, едәуір маңызды шығармалар. Х.Эйлер мен К.Вейльдің шығармашылық мүдделері. Карл Офф – неміс композиторы және педагог. Композитордың шығармашылық принциптері, педагогикалық жүйесі. П.Хиндемит – күн талабы проблемаларының музыкалық шығармаларда бейнеленуі, шығармаларының көптүрлілігі, ескі музыкалық тәсілдер мен түрге көңіл аударуы.

Педагог таңдауы бойынша иллюстрациялық фономатериал.

- **Ағылшын музыкасы.** Тариха қысқаша шолу. Өткен мен бүгінгінің байланысы. Б.Бриттен - ағылшын музыкасының көрнекті шеберлерінің бірі. Шығармашылықтағы ізгілік, жанр көлемділігі. Шығармашылықтағы басты орын – опера және оратория.

Жаңашылдық. Концерттік және қоғамдық қызмет. XIX ғасыр музыкасындағы «Битлз», «Роллинг Стоунз» эстрадалық ансамбльдерінің жан-жақты танымалдығы.

Балаларға арналған шығармалар: опера «Маленький трубочист» симфониялық шығарма «Простая симфония» және сюита «Музыкальные утренники» (үзінділер). «Битлз» бен «Роллинг Стоунз» 1-2 әндері.

- **Венгер музыкасы.** Қысқаша тарихи шолу - өткен шақтан бүгінге дейін. З.Кодай және Б.Барток – венгер музыкасының едәуір көрнекті өкілдері. Музыканттардың ұлттық және еуропа музыка мәдениетін дамытудағы үлесі. Барток шығармаларының азаматтық рухы. Стиль эволюциясы.

Педагог тандауы бойынша иллюстрациялық фономатериал.

### **3. Джаз.**

Джаз өнерінің өмірге келуі және бастау алуы. Стильдің әртүрлілігі: жаңаорлеандық (Д.Ролл, Б.Смит), чикаголық (Л.Армстронг), свинг (Р.Элдридж, Б.Холидей), бигбендтік (Ф.Хендерсон, Д.Эллингтон), боп (Ч.Крисчен, Ч.Паркер), фанки (Х.Блейки, Х.Силвер, Ч.Мингус), авангардистер (С.Тейлор, О.Коулмен). Джон Колтрейн – джазды өмірге әкелген көрнекті музыканттардың бірі. Рок-н-ролл - джаз бен танымал би ритмінің өзара әрекетінің нәтижесі. Утесов оркестрі – орыс джазының едәуір маңызды құбылысы. «Ленинградский диксиленд» – Ресейдегі классикалық джаз бағыттарының бірінің өкілі.

Педагог тандауы бойынша иллюстрациялық фономатериал.

### **4. Д.Гершвин.**

Көрнекті американдық композитор және пианист. Музыкада джаздың, афро-американдық фольклордың, эстрадалық музыка мен еуропа классиктерінің кірігуі. Композитордың музыкалық тілінің өзіндік ерекшелігі. Шығармашылық шыңы – «Порги и Бесс» атты бірінші американдық ұлттық операсы. Композитор шығармашылығының маңызы.

«Рапсодия в блюзовых тонах», «Порги и Бесс» опералары (үзінділер).

## **III Бөлім. Кеңестік дәуірдегі музыкалық мәдениет.**

### **1. Кіріспе.**

Өткеннен бүгінге дейін. Жанр және әдістер саласындағы орыс және кеңестік музыкалық мәдениеттің байланысы. Кеңестік кезеңдегі шығармалар тақырыбындағы жаңалық. Өнердің көпұлттылығы. Суретші-музыканттардың жаңа қоғамдық өмірге қатынасы.

## **2. С.Прокофьев.**

XX ғасырдың аса көрнекті композиторы. Шығармаларына өмірдегі қуаныш, жан жылуы және үйлесімділік тақырыптарын ендіруі. Өткен кезең дәстүрлерімен музыкалық мәнділік саласындағы бүгінгі жаңа жолдардың, сюжеттің дәстүрлі еместігімен және музыкалық драматургия принциптерінің байланысы. Балет музыкасы саласындағы жаңашылдық және өзіндік фортепиано шығармалары. Симфонияның көп жанрлылығы. Музыка мәдениетіндегі жаңа ағым тұрғысынан алғандағы симфонияларға шолу. Симфониялық шығармалардың жарқын кейпі. Балет шығармашылығына шолу. Сюжет аясының кеңдігі. Орыс балетінің классикалық дәстүрін жалғастыру. Шығармашылық әдісінің ерекшеліктері. Шығармаларындағы вокалды-симфониялық жанрдың ұлттық-батырлық тақырыбының, сондай-ақ кино музыкасының өзектілігі. Кинодраматургия тәсілдерінің музыкаға енуі. Жаңа кейіпкерлер жасаудағы фортепианолық музыка түрі мен жанрының дәстүрлілігі. Фортепиано стиліндегі классикалық дәстүрлер, романтикалық әсірелеудің жағымсыздығы. Түр, тақырып және ойтолғау құралдары тұрғысынан сонаталық шығармаларға шолу.

«Мимолетности» (таңдау бойынша бірнеше шығармалар), 7-симфония (үзінділер), кантата «А.Невский» (үзінділер), балет «Ромео и Джульетта» (үзінділер), («Сказки старой бабушки», «Сарказмы» фортепианолық циклдарды қолдануға болады).

## **3. Д.Шостакович.**

Заманының көрнекті композитор-симфонистерінің бірі. Музыка мазмұнының байлығы және көркемдік өзгешелігі. Шығармасының негізгі тақырыбы – адам. Аспаптық музыка бағыты. Шостакович музыкасының орыс классикалық музыкасының дәстүрлерімен байланысы. Шығармаларының жанрлық көптүрлілігі. Шостакович – симфонистің маңызы. Сильдің сабақтастығы және даралығы, мазмұны және драматургия тұрғысынан 15- симфониясына шолу жасау. Фортепианолық шығармаларына шолу. «24 прелюдии и фуги». Бірінші кеңестік музыка циклы. Камералық-аспаптық шығармашылығының шыңы – фортепианолық квартет.

Симфониялардан үзінді (таңдау бойынша).

7-симфонияның 1 бөлімі, «24 прелюдиялар мен фугтер» (таңдау бойынша 1-2), фортепианолық квинтет (үзінділер).

## **4. А.Хачатурян.**

Музыка қарапайымдылығы. Әлемдік және ұлттық музыкалық өнер синтезі. Шығармалардың әдемілігі, темпераменті, өмірлік энергиясы. Шығармашылығының жанрлық көптүрлілігі. Хачатурян – ұлттық балет

негізін салушы. Шығармалардың ұлттық сипаты, ритмикалық өзгешелігі. Театрлық симфонизм. Концерттік шығармашылығына шолу. Шығармаларының ұлттық негізі. Кейіпкер мазмұны, тақырыптар қайшылығы. Шеберлік темперамент – мазмұнды ашудың құралы.

Балеттер: «Гаянэ», «Спартак» (үзінділер).  
Фортепианолық және скрипкалық концерттер (үзінділер).

#### **Д.Кабалевский.**

Композитор, педагог, қоғам қайраткері, білім алушылардың эстетикалық тәрбиесіне құнды үлес қосушы. Жастар тақырыбы – шығармашылығындағы басты тақырыптардың бірі. Музыкалық шығармаларының оптимистілігі. Тақырып пен жанрдың көптүрлілігі.

«Реквием» (үзінділер). Оркестр мен скрипкаға арналған концерт (үзінділер). Педагог таңдауы бойынша басқа шығармаларды қолдануға болады.

#### **6. Барлық өткен материалды қайталау, пысықтау және жүйелеу.**

Тақырып өткен материалды жазықтық бойынша да, тігінен де пысықтауға және ойтолғауға берілген. Шығармашылық сабақтар өткізу ұсынылған, онда білім алушылар меңгерген білімдеріне, біліктеріне және дағдыларына негізделген өз шығармашылығын көрсете алады.

### **Күнтізбелік-тақырыптық үлгі жоспар**

#### **Бірінші оқу жылы, аптасына 1 сағат**

Бөлім №	Тақырып №	Тақырып бөлімінің атауы	Сағат саны	
			т	п
<b>1</b>		<b>Музыканың тұрмыстағы түрі</b>	<b>10</b>	<b>13</b>
	1.	<i>Кіріспе әңгіме</i>	1	
	2.	<i>Ән, би және марш музыкасы</i> (шолу)	1	
	3.	<u>Ән</u> а) халық ә) кәсіби б) хорлар	1	3
	4.	<u>Билер</u> а) халық ә) ескі б) эстрадалық, тұрмыстық, балдық	1	3
	5.	<u>Марштар</u> а) ертегілік, балалар, спорттық	1	1

		ә) салтанатты, үйлену тойы, жерлеу рәсімі		
	6.	<b>Ән, би және марш музыкаларын композитор шығармаларында қолдану</b>	1	1
	7.	<b>Аспаптық музыка</b>	1	1
	8.	а) жеке шығармалар ә) ансамбльдік шығармалар б) оркестрлік шығармалар, оркестр түрлері <u>Бағдарламалық және бағдарламалық емес музыка</u>		1
	9.	<b>Театр және кино музыкасы</b> а) театр және кино музыкасы (жетекші рөлі) ә) театр және кино музыкасы (музыканың негізгі рөлі) б) балет в) опера г) оперетта д) водевиль е) мюзикл	3	3
<b>2</b>		<b>XIV-XVII ғасырдағы музыкалық мәдениет</b>	<b>5</b>	<b>6</b>
	1.	<b>Қайта құру дәуірі</b> а) дәуірге сипаттама ә) рухани музыка б) зайырлы музыка	2	2
	2.	<b>Барокко дәуірі</b> а) дәуірге сипаттама (негізгі ерекшелігі және жанрлық көптүрлілігі) ә) Вивальди б) Скарлатти	2	2
	3.	<b>Өткен материалды пысықтау және жүйелеу</b>	1	2
			<b>15</b>	<b>19</b>
		<b>Барлығы</b>	<b>34</b>	

**Екінші оқу жылы, аптасына 1 сағат**

Бөлім №	Тақырып №	Тақырып бөлімінің атауы	Сағат саны	
			т	п
<b>1.</b>		<b>XIV-XVIII ғасырдағы музыкалық мәдениет</b>		

	1.	<b>Өткен материалды қайталау</b>		1
	2.	<b>И.С.Бах</b> а) шығармашылық портреті ә) зайырлы шығармалары б) рухани шығармалары	2	1
	3.	<b>Классицизм дәуірі</b> а) дәуірдің көркемдік принциптері Веналық классиктердің аспаптық шығармашылығы: ә) <u>Й.Гайдн</u> – шығармашылық портреті – сонаталық шығармашылығы – симфониялық шығармашылығы б) <u>В.А.Моцарт</u> – шығармашылық портреті – сонаталық шығармашылығы – симфониялық шығармашылығы – «Реквием» в) <u>Л.Бетховен</u> – шығармашылық портреті – сонаталық шығармашылығы – симфониялық шығармашылығы – увертюралар <u>Опера</u> а) жанрдың өмірге келуі, дамуы және өрлеуі ә) веналық классиктер шығармашылығындағы опера	1 2 1 2	2 2 2 1
	4.	<b>Ресейдің музыкалық мәдениеті</b> а) дәуірге сипаттама, орыс әнінің эволюциясы ә) композиторлармен танысу: Бортнянский, Фомин, Хандюшкин (шығармашылығының едәуір жарқын көріністері)		1
	5.	<b>Қайта өрлеу дәуірінен Ағарту дәуіріне</b> (өткен материалды қайталау және жүйелеу) а) Батыс Еуропа музыкалық мәдениетінің ерекшелігі ә) Ресей музыкалық мәдениетінің ерекшеліктері б) Қазақстан музыкалық мәдениетінің ерекшеліктері		1
2.		<b>XIX ғасырдың бірінші жартысындағы музыкалық мәдениет</b>	15	



1.	<i>XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Ресей музыкалық мәдениеті</i> а) романс, Алябьев, Варламов, Гурилов шығармашылығы ә) <u>М.А.Глинка</u> - шығармашылық портреті - «Иван Сусанин» операсы - романстар мен әндер - оркестрге арналған шығармалар	2	1
			2
2.	<i>XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шетелдік музыкалық мәдениет</i> а) <u>Романтизм дәуірінің өмірге келуі</u> - тән сипаттама, музыка жанрындағы жаңалық ә) <u>Ф.Шуберт</u> – романтизм дәуірінің алғашқы көрнекті өкілі - өмір және шығармашылық жолы - вокалды шығармашылығы - аспаптық шығармашылығы - шығармашылығының жаңашылдығы	1	1
			2
	б) <u>Ф.Шопен</u> - шығармашылық портреті - фортепианолық шығармашылығының әртүрлілігі - жаңашылдық, азаматтық	1	2
3.	<b>Өткен материалды пысықтау және жүйелеу</b>		1
		<b>14</b>	<b>20</b>
		<b>Барлығы</b>	<b>34</b>

**Үшінші оқу жылы, аптасына 1 сағат**

Бөлім №	Тақырып №	Тақырып бөлімінің атауы	Сағат Саны	
			т	п
1.		<b>XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Еуропалық музыкалық мәдениет</b>	<b>4</b>	
	1.	<i>Кіріспе. Өткен материалды қайталау</i>		1

	2.	<b>Н.Паганини</b> - композитормен танысу, шығармашылығына шолу	1	
	3.	<b>XIX ғасырдың бірінші жартысындағы шетел композиторлары шығармашылығындағы опера</b> а) жанрдың дамуы (қайталау) ә) Дж.Россини және «Севильский цирюльник»	1	
	4.	<b>XIX ғасырдың бірінші жартысындағы ұлттық мектептер ерекшеліктері</b> (өткен материалды жүйелеу)		1
<b>2.</b>		<b>XIX ғасырдың екінші жартысындағы музыкалық мәдениет</b>	<b>26</b>	
		<i>XIX ғасырдың екінші жартысындағы шетелдік музыкалық мәдениет</i> а) <u>Венгрияның музыкалық мәдениеті</u> - Ф.Листтің шығармашылық портреті - шығармашылығы: вокалдық, симфониялық, фортепинолық - жаңашылдығы ә) <u>Францияның музыкалық мәдениеті</u> - тән сипаттама - Ж.Оффенбах - композитормен және оның шығармашылығымен танысу - Ж.Бизе және «Кармен» б) <u>Чехияның музыкалық мәдениеті</u> - тән сипаттама - Дворжак пен Сметан шығармаларының ұлттық сипаты в) <u>Германияның музыкалық мәдениеті</u> - тән сипаттама - И.Брамс: композитормен танысу, аспаптық шығармалары г) <u>Италияның музыкалық мәдениеті</u> - тән сипаттама - Дж.Верди: композитормен танысу, опералық шығармалардың реализмі д) <u>Норвегияның музыкалық шығармашылығы</u> - тән сипаттама	1 1  1  1 1 1	1 1  1  1 1 1

		- Э.Григ: композитормен танысу, фортепианолық және камералық-вокалдық шығармалары		
<b>2.</b>		<b>Жаңа орыс музыкалық мектебі</b>		
		а) Кіріспе	1	
		ә) А.Бородин - композитормен танысу - симфониялық және вокалдық шығармашылығы - опералық шығармашылығы	2	2
		б) М.Мусоргский - композитормен танысу - опералық шығармашылығы - симфониялық, және вокалдық шығармашылығы	2	2
		в) Н.А.Римский-Корсаков - композитормен танысу - опералық шығармашылығы - симфониялық шығармашылығы	2	2
	3.	<b>П.И.Чайковский</b> а) шығармашылық портреті ә) симфониялық шығармашылығы б) опералық шығармашылығы	2	2
	4.	<b>ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы ұлттық мектептердің ерекшеліктері (өткен материалды жүйелеу)</b>		<b>1</b>
<b>3.</b>		<b>ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы музыкалық мәдениет</b>		<b>4</b>
	1.	<b>Шетелдік музыкалық мәдениет</b> а) импрессионизм – көркемдік бағытының сипаты ә) К.Дебюссидің шығармашылығы б) М.Равельдің шығармашылығы		<b>1</b>
	2.	<b>Ресей музыкалық мәдениеті</b> а) кіріспе ә) С.Рахманинов шығармашылығы б) А.Скрябин шығармашылығы в) И.Стравинский шығармашылығы	1	1
	3.	<b>ХІV ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы өнердегі музыкалық стиль</b>		1

		14	20
		<b>Барлығы</b>	
		<b>34</b>	

**Төртінші оқу жылы, аптасына 1 сағат**

Бөлім №	Тақырып №	Тақырып бөлімінің атауы	Сағат Саны	
			т	п
<b>1.</b>		<b>XIV - XX ғасыр басындағы музыкалық мәдениет</b>	<b>4</b>	
	1.	<i>Өткен материалды қайталау және пысықтау</i>	2	2
<b>2.</b>		<b>XX ғасырдағы шетелдік музыкалық мәдениет</b>	<b>10</b>	
	1.	<i>Кіріспе</i>	1	
	2.	<i>Еуропа елдерінің музыкалық мәдениеті</i> (шолу) а) Германия ә) Англия б) Венгрия	1	1
	3.	<i>Джаз</i> а) өмірге келуі және көздері ә) стильдің әртүрлілігі б) өнердің басқа түрлерімен қарым-қатынасы және жаңа жанрдың пайда болуы	2	2
	4.	<i>Д.Гершвин</i> а) композитормен танысу ә) опералық шығармашылығы: «Порги и Бесс» б) симфониялық шығармашылығы	1	2
<b>3.</b>		<b>Кеңестік дәуіріндегі музыкалық мәдениет</b>	<b>17</b>	
	1.	<i>Кіріспе</i>	1	1
	2.	<i>С.Прокофьев</i> а) шығармашылық портреті ә) симфониялық шығармашылығы б) балет шығармашылығы в) кантаталар, фортепианолық шығармалар	2	2
	3.	<i>Д.Шостакович</i> а) шығармашылық портреті ә) симфониялық шығармашылығы	2	2

		б) фортепианолық шығармашылығы		
	4.	<i>А.Хачатурян</i> а) шығармашылық портреті ә) балет шығармашылығы б) концерттер	2	2
	5.	<i>Д.Кабалевский</i> - композитор шығармашылығына шолу	1	1
	6.	<i>Өткен материалды нысықтау және жүйелеу</i>	1	3
			<b>16</b>	<b>18</b>
<b>Барлығы:</b>			<b>34</b>	

### Күтілетін нәтижелер

**Әрбір оқу жылы аяқталғанда білім алушыларда тиісті біліктілік қалыптасуы тиіс.**

#### ***Бірінші жыл***

##### Білім:

- музыкалық шығармалардың көптүрлілігі;
- музыкалық шығармалардың жанрлық негізі;
- музыканың мәнерлік құралдары;
- халықтық және кәсіби музыка;
- музыкалық шығармалардың түрі: шумақтық және жай 3 бөлімді;
- музыкалық шығармаларды орындау түрлері;
- алғашқы кезеңдегі музыкалық терминология;
- музыкалық аспаптар;
- көркемдік тәсілдер;
- музыканың қойылымдарды сүйемелдеуі және негізгі рөлі;
- қойылымдардағы музыкалық портреттер мен көпшілік көріністер.

##### Білік:

- музыка тыңдау;
- музыканың мәнерлі құралдарын есту және түсіну;
- мәнерлік құралдары арқылы музыкалық бейне жасау;
- терминологияны қолдана отырып, музыкалық шығармаларды талдау;
- меңгерген білімді пайдаланып, музыка туралы айту.

##### Дағды:

- музыка туралы әңгімеде немесе музыкалық шығарманы талдауда терминологияны қолдану;
- музыканың мәнерлі құралдарына, орындау тәсілдері мен түрлеріне зейінін аудару;

- «тыңдай отырып тыңдау».

### ***Екінші оқу жылы***

#### **Білім:**

- көркемдік бағыттар: Қайта өрлеу, Барокко, Классицизм, Романтизм;
- композиторлық мектептердің ерекшеліктері, өмірге келу себептері, өкілдері;
- аспаптар: Еуропаның ескі аспаптары, Гайднның симфониялық оркестрінің аспаптары, қазақтың ұлттық аспаптары және олардың классификациясы;
- қазақтың халықтық музыкалық шығармашылығы: жанрлық және музыкалық түрлілігі, музыка тілінің ерекшеліктері;
- халық музыкасына тән ерекшеліктер: қазақ және орыс;
- веналық классикалық мектеп өкілдері және олардың шығармашылығы;
- музыкалық түр: рондо, вариация, сонаталық;
- полифониялық және гомофонно-гармониялық музыка: өзгешелігі, даму заңдылықтары;
- аспаптық жанрлар: соната, симфония, шекті кuartет, увертюра. инвенция, фуга;
- опералық түрі: ария, речитатив, ансамбль және т.б.;
- өткен таныс музыкалық шығармалар.

#### **Білік:**

- музыкалық шығарманың нақты көркемдік бағытқа тиесілігін анықтау;
- музыкалық бейнені әңгімелеуде және талдауда өзбетінше көрсете алу;
- музыкалық терминологияны қолдану;
- шығарманың музыкалық түрін есту арқылы анықтау;
- музыкалық шығарманың полифониялық немесе гомофонно-гармониялық музыкаға тиесілігін есту арқылы анықтау;
- опера түрін есту арқылы анықтау;
- меңгерген білім мен терминологияны пайдаланып, музыкалық шығарманы талдау.

#### **Дағды:**

- музыкалық терминологияны қолданып, музыкалық шығарманы орындау және талдау;
- классикалық музыканы тыңдау;
- меңгерген білімін әртүрлі әрекет саласында қолдану.

### ***Үшінші оқу жылы***

#### **Білім:**

- қоғамдық, саяси, экономикалық және мәдени өмірдің үздіксіз байланысы;

- XIX ғасырдағы Батыс Еуропа елдерінің композиторлық мектебінің өкілдері: ерекше өзгешеліктері және едәуір құнды шығармалары;

- қазақ халқының халықтық-кәсіби өнері: ерекше өзгешеліктері, вокалдық және аспаптық мектеп өкілдері;

- қазақтың халықтық-кәсіби өнері өкілдерінің жеке ерекшеліктері, музыкалық шығармалары;

- музыка тілі: лейтмотивтілік, көркемдік мәні;

- түрлі ұлттық мектептің музыкалық тілінің ерекшеліктері: халықтық дәстүрлермен үздіксіз байланысы;

- Романтизмнің музыкалық түріндегі өзгерістер: қысылу тенденциясы, кеңею мүмкіндігі;

- шығарма мазмұнының негізгі мәні: мазмұн түрді тудырады;

- Жаңа орыс музыкалық мектебінің композиторлары: тән ерекшеліктері, мәні және музыкалық шығармалары;

- Импрессионизм көркемдік бағыты – тән сипаттамасы, музыкалық өнер өкілдері;

- виртуоздық: орындаушылық шеберлікті дамыту, өкілдері.

#### Білік:

- меңгерген білімі мен терминологияны қолданып, музыкалық шығарманы еркін әрі жүйелі талдау;

- берілген критерийлер бойынша білімді жүйелеу;

- есту арқылы түрін, жанрын, орындау түрін, сондай-ақ шығарманың нақты көркемдік бағытын анықтау;

- түрлі композиторлық мектептер мен көркемдік бағыттарды салыстыру және үйлестіру;

- меңгерген білімін өз шығармашылығынан көрсету;

- орындаушылық шеберлігінде меңгерген білімін қолдану;

- өз ойы мен идеясын негіздеу.

#### Дағды:

- меңгерген білімін музыкамен байланысты немесе басқа да түрлі әрекетінде қолдану;

- сыни ойлау тұрғысынан жағдаятты (қойылған міндетті) көру және шешу;

- өз ойы мен идеясын еркін айту.

### ***Төртінші оқу жылы***

#### Білім:

- XX ғасыр музыкасы стилі мен бағытының көптүрлілігі;

- музыкалық шығарма мазмұнының өзгеруінен туындайтын музыка тілінің түрленуі;

- Джаз – ерекшеліктері, әртүрлілігі, өкілдері;
- кеңестік кезеңдегі музыка: тән сипаты және өкілдері;
- музыкалық шығармалар, жаңашылдық;
- Қазақстанда кәсіби музыканың өмірге келуі және дамуы;
- қазақ кәсіби музыкасында музыка тілінің, жанрдың және орындау тәсілінің өзгеруі;
- кеңестік кезеңдегі Қазақстан музыка мәдениетінің өкілдері және едәуір құнды шығармалары;
- Қазақстанның мәдени өмірі: музыкалық ұжымдар, музыкалық театрлар және т.б.

#### Білік:

- меңгерген білімін әрекетінің барлық саласында пайдалану;
- музыкалық терминологияны еркін қолдану;
- есту арқылы шығарманың нақты стилге, дәуірге қатысын анықтау;
- меңгерген білімін шығармашылықпен жүзеге асыру: кез-келген өткен тақырыпқа қабілетіне байланысты музыкалық шығарма, аннотация және т.б. құрастыра алу;
- талдау, синтез тұрғысынан оқылған материалдың алдын алу; жазықтық және тікелей бойынша;
- көркемдік стиль, шығарма немесе композитор туралы өз ойын сауатты жеткізу;
- өнер заңдылықтарын білу және түсіну, сондай-ақ бұл заңдылықтарды өз әрекетінде қолдану.

#### Дағды:

- меңгерген білімін музыкаға байланысты немесе басқа да түрлі әрекетінде қолдану;
- сыни ойлау тұрғысынан қойылған міндетті көру және шешу;
- бар ақпаратты (білімді) өзбетінше талдау және жүйелеу;
- өз ойын және идеясын еркін айту; проблемалық жағдаятты шығармашылықпен шешу.

### **Бағдарламалық талаптар**

«Әлемдік музыкалық әдебиет» пәні және музыкалық тәрбиенің мақсаты мен міндеттері аясында авторға атақты педагог-музыканттардың айтқан мына ой-пікірлерінің мазмұны едәуір жақынырақ: «Музыка жайлы өз мақалаларымның ішіндегі тым нашары деп музыкалық шығарманың қалай құрылғаны туралы жазған әңгімемді бірінші орынға қоямын немесе одан да нашары – музыканы сөзбен «баяндай» бастауым... Мен музыка туралы мұндай әңгімелердің келеңсіз әрі пайдасыз екендігін, олардың музыканы тыңдаушыларға



және тыңдаушыларды музыкаға еш жақындатпайтынын ұғындым»<sup>6</sup> - деп, атақты педагог Д.Кабалевский жазған болатын. Бұл мәселе жайында Б.Асафьев «Музыка мектебінің міндеті – оқулықтағы параграфтармен, музыка технологиясымен баланы шошытып алмау»<sup>7</sup> деген

еді. Сонымен, «Әлемдік музыкалық әдебиет» пәнінен өтілетін сабақтар, ең алдымен, эмоционалды тұрғыда болуы, білім алушылардың шығармашылық қабілетін арттыруы тиіс. Егер балалар «жансыз» кейіпкерлерді олардың «ғылыми» шығармалары арқылы танып-білгісі келмей, олардың шынайы өмірімен өмір сүруге талпынса, оқып-біліп отырған дәуір немесе композитор шығармалары жөнінде өз сезімдері мен ойларын білдіруге тырысса, онда осы эмоционалды толғаныс бала есінде едәуір ұзақ уақыт бойы сақталады. Сонымен қатар келешекте туындаған сұрақтарға жауап іздеуде жадында қалған осы мәлімет көмекке келеді. Демек, «Әлемдік музыкалық әдебиет» пәні сабақтарында білім алушылардың эмоционалды серпілісіне сүйену аса қажет, себебі олардың өздерін көрсетуге әсер еткен музыкалық шығарма нәтижесіне орай, педагог музыкалық шығарма әсерінің деңгейін анықтай алады. Жаңа бағдарламадағы оқу материалының мазмұны әрбір оқу жылында шығармашылық сабақтарға арнайы сағат қарастырған.

### **Материалдық-техникалық қамтамасыз ету**

1. Кабинет;
2. Үстел, орындықтар, нота және басқа көрнекіліктерді сақтайтын шкаф;
3. Компьютер, бағдарламалық қамтамасыз ету;
4. Музыканы және музыкалық фильмдерді қайта өңдейтін аппаратура;
5. Ноталар, көрнекі құралдар;
6. Тақта, тақтада жұмыс істеуге қажет бор немесе маркер;
7. Көрсету және шығармашылық тапсырмалар үшін фортепиано.

### **Бақылау түрлері**

1. Семинар;
2. Нақты тақырыпқа баяндама немесе реферат;
3. Интервью;
4. Тыңдалған шығармаға пікір;
5. Шығарманы талдау;
6. Тестілеу;
7. Брейнинг;

---

6. Кабалевский Д. Как рассказать детям о музыке. М., Советский композитор, 1977

7. Асафьев Б. Великие традиции русской музыки. – В кн. Асафьев Б. Избранные статьи о музыкальном просвещении и образовании Л., 1973. 134 бет.

8. Салыстыратын сызбалар мен кластерлер құрастыру;
9. Түрлі деңгейдегі сұрақтарға жауап беру және оларды құрастыру;
10. Викторина және басқалары.

Білім алушылардың пән бойынша меңгерген білім деңгейін бақылау үшін білімін бағалаудың рейтингтік жүйесі жасалды. Тексеру рейтингі күрделіліктің үш деңгейінен тұрады. Сұрақтар білім алушыларға алдын ала таныс және оларға күрделіліктің ең жоғары деңгейіне дайындалуға мүмкіндік беріледі (күрделіліктің ең жоғары деңгейіне білім алушылардан өткен материалды талдауды талап ететін сұрақтар жатады).

### Тестілеу үлгілері

Төменде тексеру жұмыстары үшін тапсырма үлгілері және оларды өткізудің әртүрлі жолдары берілген.

#### 1 Нұсқа:

1. XX ғасыр басындағы Ресейдің тарихи және қоғамдық ахуалы қандай?
2. XIX ғасыр соңында Ресейдің мәдени қайраткерлері едәуір көтерген тақырыптар аясы қандай?
3. С.В.Рахманиновтың өмір сүрген жылдары қандай?
4. С.В.Рахманинов шығармаларының жаңашылдығы неде?
5. А.Н.Скрябинге тиесілі шығармаларды ата.
6. А.Н.Скрябин шығармашылығының өзгешелігі неде?
7. А.Н.Скрябиннің шығармашылық қызметінің көптүрлілігі.
8. С.В.Рахманиновтың кемел шағындағы шығармаларына талдау жаса.
9. А.Н.Скрябин шығармашылығын Батыс музыка мектебінің өкілі Дебюссимен салыстыр.
10. XIX ғасыр ортасындағы Ресейдің музыка өмірі туралы не айта аласыз?

#### 2 Нұсқа:

1. Мына анықтауыш сөздерді дәуір бойынша бөліңдер:
  - адами
  - үлгілі
  - сезімтал
2. Қай композитордың шығармалар саны төмендегідей: 100 симфониядан көп, 600 әнге жуық, 24 каприс?
3. «Драматургия» деген не?

4. Музыкатанушылар композитордың сонатасын – «шығармашылық зертхана» дейді, себебі бірнеше соната жазылғаннан кейін қол жеткен нәтиже симфония туады және бұл үдеріс бірнеше рет қайталанады. Музыкатанушылар бұл жағдаятты кім туралы айтып отыр?

5. Италияда, Англияда, Францияда, Германияда әзіл-сықақ опера түрі қалай аталады?

6. Мына сөздерді кім айтқан: «Тағдыр есік қағып тұр» және қайдан алынған?

7. Музыкалық мәнерлік құралдарын ата?

8. Зайырлы және рухани музыка арасындағы айырмашылық неде?

9. И.С.Бахтың «ХТК» шығармасында прелюдиялар мен фугалар неге 24?

10. Операны неліктен «өнердің синтетикалық түрі» деп атайды?

Жоғарыда берілген тапсырмалардан көріп отырғандай, соңғы үш сұрақ мәліметті тікелей емес, өтілген материалды ғылыми тәсілмен беруге бағытталған. Сұрақтардың алдыңғысын қосқанда осы тобына дұрыс жауап берген білім алушылар «үздік» деген баға алады. Сұрақтардың осы тобынсыз, жауаптардың дұрыстығын ескере келе – «жақсы», ал сұрақтарға қате жауап берген төмен балл алады. Сондай-ақ жоғары нәтижеге және сұрақтардың жоғары деңгейіне жетуді саналы түрде мақсат тұтпайтын білім алушылар да бар, яғни ол сұрақтарға жауап бермейді.

Рейтингтік тапсырмалар басқа принцип бойынша да құрылуы мүмкін – «негізгі және қосымша сұрақтар». Мұндай құрылымдағы барлық негізгі сұрақтарға дұрыс жауап берген жағдайда «жақсы» және үш қосымша сұраққа (берілген сұрақтар ішінен білім алушы өзі тандай алады) дұрыс жауап бергенде «үздік» балл қойылады.

Мысалы:

**«XIX ғасырдың бірінші жартысындағы Батыс еуропалық музыкадағы опера» тақырыбы бойынша рейтинг сұрақтары.**

Негізгі сұрақтар

1) Опералық өнер қашан өмірге келді? Алғашқы опералар қандай сюжетке құрылды?

2) Неліктен операны «өнердің синтетикалық түрі» деп атайды?

3) Музыканың опералық қандай түрі бар және олардың қайсысында:

а) іс-әрекет дамиды?

ә) кейіпкерлердің мінез-құлқы ашылады?

4) «Драматургия» деген не?

5) Операдағы хор мен оркестрдің рөлі қандай?

Қосымша сұрақтар

1) Опералық қойылымның дамуы қандай күйзеліске душар болады?

2) Композиторлардың қайсысы опералық қойылымға едәуір өзгерістер енгізеді?

3) Глюканың опералық реформасы неде:

- речитатив және ария
- музыка және іс-әрекет синтезі
- шыншылдық және қарапайымдылық па?

4) Моцарттың опералық реформасы неде:

- музыка және іс-әрекет қарым-қатынасы
- опера жанрларының өзара қатынасы
- кейіпкерлердің музыкалық сипаттамасы ма?

5) Россини операда қандай төңкеріс жасады? XIX ғасырдың бірінші жартысындағы итальяндық опера өнерінің дұрыс және бұрысы не?

6) Вебер қандай операның негізін салушы? Композитор неміс музыкасында операның қандай жолын ашты?

Музыкалық шығармаларды талдау барысында аталған тақырыпты оқуға қажет болатын параметрлер белгіленген кестені толтыру орынды,

Мысалы, «Бағдарламалық музыка» тақырыбын өткенде кесте төмендегідей болуы мүмкін:

№	Орындалу тәсілі	лад	Ырғақ	Регистр	Көркемдік тәсіл	Шығарма қалай аталады
1						
2						

Тақырыпты өткен соң, соңында қорытынды кесте қолдануға болады. Төменде *«Батыс еуропалық композиторлар - романтиктер»* тақырыбы бойынша үлгі ретінде қорытынды кесте берілген:

Қорытынды кесте

Композитор	Өмір сүрген жылдар	Шығарма жанры	Шығарма тақырыбы	Жаңа. шылдық	Шығарма үлгілері
<i>Ф.Шуберт</i>					
<i>Ф.Шопен</i>					
<i>Ф.Мендельсон</i>					
<i>Дж.Россини</i>					
<i>Ф.Лист</i>					
<i>Г.Берлиоз</i>					
<i>Дж.Верди</i>					
<i>Р.Вагнер</i>					

Тексеру рейтингімен қатар шығармашылық рейтингі де бар Шығармашылық сессия. Мұнда білім алушылардың шығармашылық дарындылығында көпдеңгейлі дифференциацияға көңіл аудару қажет. Бұл - жылына екі рет өтетін әртүрлі тексеру жұмыстары. Бұл - «композитормен» сұхбат - өте әсерлі түрі: білім алушы материалды білмейді, сөйтіп не сұрақ қоя алмайды әрі жауап та бере алмайды, бірақ осы түрі олар үшін қызықты. Брейнринг, сөзжұмбақтар және т.б.

Мысалы, командалық түр – брейнринг. Сынып командаға бөлінеді, балалар капитанды және жауаптардың дұрыстығын бағалайтын эксперттік комиссияны сайлайды, Сұрақтар алдын ала таныс емес, педагог сұрақты оқиды және талқылауға уақыт береді. Бірінші дұрыс жауап берген команда 2 балл, қалғандары 1 баллдан алады, егер жауап бұрыс болса – 0 балл. Көп балл жинаған команда «үздік» деп бағаланады және т.б. Аз балл алған командаға нәтижесін түзету үшін мүмкіндік беріп, қосымша сұрақтар беріледі. Мысал ретінде:

***Қазақ музыкасы бойынша брейнрингке берілген сұрақтар:***

***1 Нұсқа:***

1) Бұл әндер салт-дәстүрлік әнге өте жақын, кейде олардың әуені бірдей болады, бірақ өте маңызды бір өзгешелігі бар. Қандай, өзгешелік не деп аталады?

2) Қазақстар өмірінде салт-дәстүрлер өте маңызды орынға ие, берілген салт-дәстүрді анықта, ол қандай кезеңде түр және мына салт-дәстүрлік ән қалай аталады: «Табалдырықтан оны күтіп алады, дәстүр бойынша құрметті адам ән орындайды, ол 2 бөлімнен тұрады - таныстыру және ақыл айту»?

3) Тойлар мен ас беруде музыкаға жетекші орын беріледі. Мұнда жыршылар, әншілер, ақындар, күйшілер өнер көрсетеді. Дәл осы жерде танымал болып, атаққа ілігеді. Бірақ шебердің қалыптасуында ерекше рөлді ... атқарады. Ол?

4) Қазақ музыкасын қандай да жағдай болмасын суырып салма елеңсіз және әуенсіз елестету мүмкін емес. Мұндай дарын не деп аталады?

5) Өнерде балалар тақырыбы үлкен орын алады. Қазақ халық шығармашылығында балаларға арналған әндердің қандай түрлері бар, оны Сіз атай аласыз ба?

6) Қазақ халқының ежелгі мәдениеті бар. Ғалымдар көшпенділер мәдениеті туралы бай ескерткіштер тапты. Халық аспаптары олардың ішіндегі ең ежелгісі. Оларды атаңыз.

7) Бұл өте құрметті адам. Ол жоғары лауазымға ие, ханның қолбасшысы немесе кеңесшісі болуы мүмкін еді. Бірақ та ол өнерге де жақын болды. Бұл адам кім және өнердің қай түріне қатысты?

8) Бұл күн өте қуанышты атап өтіледі: айтыс, бәйге, көкпар өткізіледі. Бұл күні соңғы рет салт-дәстүрлік ән шырқалады. Бұл күн қалай аталады және қандай ән орындалады?

9) Қазақтар ойын поэтикалық түрде білдіруге машықтанған. Өлеңдер мен әндерде халықтың моралдік кодексі айтылады. Мұндай әндердің әуені сөзге құрылған. Мұндай ән қалай аталады?

## 2 Нұсқа:

1) Біз қойылымдардың көптеген түрін білеміз, бірақ мұнда ешкім бірде бір сөз айтпайды. Бұл қандай қойылым?

2) Скрипкалар, альттар, виолончелдер, контрабастар - бұл қандай оркестр?

3) Әдемі, ырғақты, жеңіл, ол бұрын жай ғана қарапайым би болатын және оны ұлттық киіммен билейтін, ағаш башмақ оның бөлігі еді. Бұл қандай би және оның ізбасары не деп аталады?

4) Оның кубалық Хабарнерамен және аргентиналық Милонгамен ортақ сипаты бар, өзінше әндік түрі қалыптасқан. Бұл би қалай аталады?

5) Запорожьелік әскер демалуда. Қазақтар «гоп» деп қатты айғайлап, биікке секіріп және басқа да виртуозды қозғалыс жасап, көңілді би билеп жүр. Олар қандай би билеп жүр?

6) Оркестр ішекті, үрмелі болады... Атауы неге байланысты болады?

7) Симфониялық оркестрде 4 топ бар. Оның қайсысының құрамы көп адамнан тұрады?

8) Берілген барлық шығармаларды бір құбылыс біріктіреді: «Времена года», «Картинки с выставки», «Облака», «Арагонская хота». Бұл шығармаларды не біріктіреді?

9) Сопрано, альт, тенор, бас. Барлығы бірге – ол ...

10) Бұл синтетикалық музыка жанры. Ол әдебиетті, симфониялық музыканы және вокалдық, әртістік шеберлікті, декорация өнерін біріктіреді. Қандай жанр туралы айтылып отыр?

Білімді тексеру түрінің бірі – тест, мұнда жауаптың варианттары беріледі. Мысалы,

## 1 Нұсқа:

### **1. Кімді жыршы деп атайды?**

а) эпосты шығаратын адам

ә) эпосты орындайтын адам

б) аспаптық шығарманы орындайтын адам

### **2. Қазақ музыкасында эпостың қандай түрлері бар?**

а) тарихи

б) лирикалық

ә) үйлену тойында

в) салт-дәстүрлік

### **3. Қай аспап үрмеліге жатпайды?**

а) шертер

б) сырнай

ә) сыбызғы

в) асатаяқ

**4. Жанр бойынша бөліңдер:**

а) «Япурай» - тарихи

б) «Елімай» – тұрмыстық

ә) «Той бастар» – лирикалық

в) «Баланы уату» – салт-

дәстүрлік

2 Нұсқа:

**1. Абай шығармаларында қай ән жоқ?**

а) «Айттым сәлем, Қаламқас»

б) «Сегіз аяқ»

ә) «Балхадиша»

в) «Көзімнің қарасы»

**2. Кенен Әзірбаев шығармаларының негізгі тақырыбы қандай?**

а) лирикалық

б) тарихи

ә) әлеуметтік

в) салт.дәстүрлік

**3. Шығармалар мен авторларды дұрыс бөліңдер**

а) «Сарыарқа» - Тәттімбет

б) «Қосалқа» - Ықылас

ә) «Қосбасар» - Дина

в) «Қорқыт» - Құрманғазы

**4. Композитор мен шығармасының негізгі тақырыбын дұрыс бөліңдер**

а) Құрманғазы - лирикалық

б) Дәулеткерей - аңыздар

ә) Дина - тарихи

в) Ықылас - патриоттық

және әрі қарай. Ең бастысы, педагогтің де, білім алушылардың да бағалау критерийлері туралы нақты мағлұматы болуы тиіс. Бағдарламалық талаптарды және тексеру түрі бойынша бағалау критерийлерін мектептің әдістемелік кеңесі өзбетінше дайындап, Педагогикалық кеңесте бекітеді.

Жұмыс үдерісі барысында автор көрнекі құралдар ретінде сызбаларды қолданады, содан кейін оларды білім тексеруде пайдаланады. Мысалы, композитор қызметінің көп түрлілігін сызбамен көрсеткен тиімдірек:

**№ 1 сызба**

Композиторлық

Педагогтік

Орындаушылық


**Л.Хамиди қызметінің түрлері**

Этнографиялық

Музыкалық-қоғамдық

Публицистикалық

**№ 2 сызба**



Тексеру барысында білім алушыларға құрастырылған сызбаны өздеріне толтыру ұсынылады.

**Бағдарламаны жүзеге асыру шарттары**

Аталған бағдарламаны тиісті деңгейде орындау үшін келесі материалдық-техникалық материалмен қамтамасыз ету қажет:



1. Кабинет;
2. Үстелдер;
3. Орындықтар;
4. Тақта, бор, сүрткіш немесе аркерге арналған тақта;
5. Әдістемелік нұсқаулар;
6. Көрнекілік, көрсету материалдары;
7. Компьютер, бағдарламалық қамтамасыз ету;
8. Музыканы және музыкалық кинофильмдерді қайта өңдейтін аппаратура;
9. Ноталар.

### **Әдістемелік қамтамасыз ету**

Аталған бағдарламаның әдіснамасы негізіне «Сыни ойлау технологиясы» (Толық меңгеру технологиясы) мен «Деңгейлеп оқыту технологиясының» танымдық әрекетінің қажетті мақсаты көзделген төмендегі базалық ережелері алынды:

- білім;
- түсінік;
- жинақтау және жүйелеу;
- бағалау.

Оқыту үдерісін ұйымдастырудағы басымдылық – алынған ақпаратты беру емес, оны түйсіну және практикада қолдануды ұғыну, ол қажетті шешімді шығармашылықпен іздестіруді, оқу материалдарын едәуір терең меңгеруді көздейді, әрбір білім алушыда шығармашылық әлеует пен креативті өмірлік тәсілді қалыптастырады. Межелеген міндеттердің нәтижесіне жету үшін жұмыстың кең ауқымды түрлері мен әдістері қолданылады. Бұл – перцептикалық, гностикалық, логикалық, басқару әдістері, сондай-ақ жеке, топтық және жалпы сыныптық жұмыс түрлері. Төменде олардың кейбіреулеріне сипаттама берілген.

\* Салыстырмалы талдау әдісі. Оқу-тәрбие үдерісін жаңаша ұйымдастыру жағдайында аталған әдістің бірыңғай уақыт кезеңінде музыкалық мәдениеттің үш жағын салыстыруда маңызды.

\* Оқу әрекетін әсерлендіру және мотивациялау әдісі. Пәнге және оқытылатын материалға қызығушылығын қалыптастыру жолында білім алушылардың шығармашылық дарынын көпсатылы даралаудағы рөлі үлкен. Барлық балалардың қай салада болса да дарынының деңгейі әрқилы болатынын ескерсек, оқу үдерісін осы әдіспен ұйымдастыру жоғары нәтижеге жеткізеді. Педагог сабақта оқытылатын материалдың түріне ешбір шек қоймайды: ол сурет, шығарма, кескіндеме, өлең және т.б. болуы мүмкін. Шығармалар түрі әр түрлі, сондықтан білім

алушыларға шығармашылық бостандық беру орынды. Педагог тарапынан қысым көрсету және шектеу қою болмаса, онда оқу үдерісін осылайша ұйымдастыру білім алушылар тарапынан нәтижелілікті арттырады, жаңа жолдарды іздеуге ықпал етеді. Сондай-ақ тексеру рейтингісінде де нәтижелі болады: егер қойылатын сұрақтар алдын ала таныс болса, онда тәуір нәтижеге жету үшін дайындық жасауға нақты мүмкіндік туады (мысалдар төртінші бөлімде берілген).

\* Гностикалық әдістер, оған көбіне репродуктивті әдіс жатады, яғни – сызбалар мен кестелер. Тұрақты және қажетті болып перспективті және ретроспективті әдістер табылады, яғни алдыңғы және артқы байланыс. Композитордың әрбір шығармасы немесе туындысы алдыңғы материалмен салыстырылады, сондай-ақ болашақта даму жолдары көрсетіледі, сөйтіп проблемалық-ізвестіру жағдаяты туындайды.

Автор сабақ барысында әртүрлі сызбалар және көрнекіліктерді үнемі қолданады, дегенмен, білім алушылардың сызбалар мен кестелерді төмендегі себептерге байланысты өзбетімен қолданбағаны жөн:

1) эмоционалды әсерсіз айтылған сөздің, немесе сызбаның шығармашылық пайдасы жоқ, баланың қабылдауына ауыр, қызықсыз әрі тез жалықтырады. Егер бала өткен сабақты қайталау барысында онда не болғанын сызба арқылы берілген материалдың әсерін еске түсірсе, онда сөз басқа (автор білім алушыларға жауап беруде сызбаны қолдануға рұқсат береді);

2) сызба, кластер – бұл әрі негізгі мәлімет жазылған конспект, ал бала үшін ең қиыны тек ең бастысын өзбетінше көре білуі емес, ең бастысын көрген күнде де, материалдың толық көлемін меңгеру болып табылады. Ол үшін баланың білімі мен білігі жеткіліксіз, ал егер педагогтің негізгі мақсаты білім алушыларды мүмкіндігінше қызықтыру болса, онда педагог қойылған мақсатты көздемейтін, нәтижесіз әдісті қолданудан бас тартуы қажет. Педагогпен бірлесе отырып, құрылған сызба арқылы қандай да болмасын бір ұғымды жаңғырта алса, онда бұл нәтижелі жұмыс болары сөзсіз. Сызба музыкалық кәсіби тілді дамытуға ықпал етеді. Жауап беру барысында балаға оқулықты пайдалануға рұқсат берілсе, онда ол оқулықтағы әр сөзді қайталауға тырысады. Кейбір бала үшін сөз оның мағынасына қарағанда маңыздырақ көрінеді де, ол ойдың дамуына және өзінше әңгімелеуге кері ықпал етеді.

Оқыту үдерісін төмендегідей ұйымдастыру едәуір тиімді: сабақта – сызба, нота, жанды дауыс немесе таспаға түсірілген материал (әрине сапалы жазылған); үйде – оқулық (музыкалық тақырып берілген және материал толық) және сызба (бала сызбаны қолдануға болатынын

біледі және міндетті түрде қайталайды, сызба арқылы сабақта өткен материалды есіне түсіреді).

Белгіленген міндеттерді жүзеге асыру үшін оқытудың төмендегі белсенді әдістеріне ерекше көңіл бөлінеді:

- дидактикалық ойындар;
- нақты жағдаятты талдау;
- «ми шабуылы»;
- оқытудың зерттеушілік әдісі;
- проблемалық мазмұндау әдісі.

### **Қорытынды**

Білім алушылар курсты оқу барысында өнердегі әр түрлі стильдердің көркемдік принциптері және олардың танымал иелері туралы мәлімет алады, сондай-ақ қазақ, орыс және шетел музыкасын дәріптейтін музыкалық шығармалар туралы едәуір көлемді мағлұмат алады, білімін толықтырады. Білім алушылар оқу үдерісі барысында әр түрлі музыка жанрымен, композиторлардың шығармашылығымен, олардың жаңалықтарымен және шығармаларымен танысады, кәсіби музыка тілін меңгереді: арнайы терминдерді меңгереді, өз ойын сауатты әрі кәсіби деңгейде айтуды үйренеді және шығармаларды талдауға машықтанады. Дәуірді және композиторлардың нақты дәуірге тиесілігін оқу үдерісінде білім алушылар орындаушылық дағдысын жетілдіруге ықпал ететін білім алады. Бағдарламада шығармашылық сабақтар қарастырылған, ол білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, дарынын ашуға, шығармашылық бастамасына нық сеніммен қарауға және өзбетінше ойлауға жетелейді.

Автор Балалар музыкалық мектебінде жұмыс істеп жүргенде педагогика ілімін эмпирикалық жолмен меңгере отырып, тәжірибе жүргізіп және сабақ өткізудің түрлі формаларын қолданып, оқытудың тиімді педагогикалық технологиясын оқып-үйреніп, «Әлемдік музыка әдебиеті» пәні аясында оқытудың жаңа үлгісін жасады, оны сынақтан өткізу барысында едәуір жоғары нәтиже көрсетті.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Астана, 2007.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2010.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012.
4. Аубакирова Ж. «О подготовке учебных пособий по предмету «Казахская музыкальная литература» для музыкальных школ и колледжей» // материалы Международной научно-практической конференции «Традиционные музыкальные культуры Народов центральной Азии». 5-7 мая 2009.
5. Владимиров В.Н., Лагутин А.И. Музыкальная литература. М.: Музыка, 1984.
6. Казахская музыкальная литература. Уч. для дет.муз. шк./ Сост. и общ.ред. С.А.Елемановой. – Алма-Ата: Онер, 1993.
7. Лагутин А.И. Методика преподавания музыкальной литературы в детской музыкальной школе/ А.И.Лагутин.- М.: Музыка, 1982.
8. Левик Б.В. Музыкальная литература зарубежных стран. М. Музыка 1975.
9. Магауин М. Казахская музыкальная литература. – Алма-Ата, 1993.
10. Осовицкая З. Е. Музыкальная литература: учебник для детских музыкальных школ: 1 год обучения / З. Е. Осовицкая, А. С. Казаринова. - М.: Музыка, 2009.
11. Прохорова И.А. Зарубежная музыкальная литература. М.: Музыка, 2007.
12. Розеншильд К.К. История зарубежной музыки. Вып. 1. М., 1978
13. Смирнова Э. Русская музыкальная литература для 6-7 классов ДМШ. Москва, 1987.
14. Шорникова М. И. Музыкальная литература: музыка, ее формы и жанры: 1-й год обучения: учебное пособие Издательство: Феникс Ростов н/Д., 2010.
15. Шорникова М.И. - Музыкальная литература. Русская музыкальная классика. 3 год обучения. М.: Феникс, 2009.
16. Шорникова, М. И. Музыкальная литература: учебное пособие для детских музыкальных школ / М. И. Шорникова. - 7 изд. - Ростов-на Дону: Феникс, 2007.

## Ұсынылған әдебиеттер тізімі

1. Асафьев Б. В. О музыке 20 века. Ленинград, 1982.
2. Асафьев Б.В. Глинка – основоположник русской музыки. Ленинград, 1968
3. Асафьев Б. В. Избранные труды. Москва, 1967.
4. Алексеев А. Музыкально-исполнительское искусство конца 19 - первой половины 20 в. В 2-х томах. Москва, 1991.
5. Барсова Л. Н.А. Римский-Корсаков. Ленинград, 1986.
6. Баренбойм Л.А. Эмиль Гилельс. Москва, 1986.
7. Богданов-Березовский В. Оперное и балетное творчество Чайковского. Ленинград – Москва, 1940.
8. Бобровский В. Должанский А. Камерно-инструментальные ансамбли Д. Шостаковича: Путеводитель. Москва, 1991.
9. Бэлза И. Александр Николаевич Скрябин. Москва, 1983.
10. Бэлза И. Ф. Шопен. Москва, 1991.
11. Вагнер Г. К. Владышевская Т.Ф. Искусство древней Руси. Москва, 1991.
12. Васина Гроссман В. Михаил Иванович Глинка. Москва, 1974.
13. В мире Шостаковича. Беседы. Воспоминания. Письма. Составитель: Хантова С. Москва, 1991.
14. Венок Шопену. Сборник статей. Москва, 1989.
15. Великович Э. Концерт для оркестра. Ленинград, 1988.
16. Гаккель Л. Е. Фортепианная музыка 20 в. Ленинград, 1990.
17. Гаккель Л. Е. Исполнителю, педагогу, слушателю. Ленинград, 1988.
18. Галацкая В. С. Музыкальная литература зарубежных стран. Выпуск 1-й. Москва, 1978.
19. Галацкая В. С. Музыкальная литература зарубежных стран. Выпуск 3-й. Москва, 1977.
20. Газарян С. В мире музыкальных инструментов. Москва, 1989.
21. Гивенталь И. А. Гингольд И.Д. Музыкальная литература. Г.В. Гендель. И.С.Бах. Москва, 1976.
22. Гивенталь Г. Щукина-Гингольд Л. Музыкальная литература. Выпуск 2-й. Москва, 1984.
23. Гордеева Е.М. Композиторы «Могучей кучки» Москва, 1986.
24. Грубер Р.И. Всеобщая история музыки. Москва, 1965.
25. Данько Л.Г. Комическая опера в 20-м веке. Очерки. Ленинград – Москва, 1976.
26. Данилевич Л. Д.Шостакович: жизнь и творчество. Москва, 1980.
27. Дмитриева Н.А. Краткая история искусств. Очерки. Выпуск 2-й. 3-е издание. Москва, 1990.
28. Денисов Э. Современная музыка и проблемы эволюции композиторской техники. Москва, 1986.

29. Друскин М.С. История зарубежной музыки. Выпуск 4-й. Москва, 1983.
30. Друскин М.С. О Западноевропейской музыке 20 в. Москва, 1973.
31. Евдокимова Е. История полифонии. Москва, 1983.
32. История русской музыки Т.1. – Москва, 1957. Т.2. – Москва, 1958. Т.3. – Москва, 1960.
33. История зарубежной музыки. Музыка Австрии и Германии 19 в. Редакция Цветович Т. Москва, 1990.
34. Зарубежная музыка 20 в. Материалы и документы. Составитель и комментарий Нестьева И.В. Москва, 1975.
35. Канн-Новикова Е. Хочу правды. Москва, 1976.
36. Келдыш Ю.В. Русская музыка 18 в. Москва, 1965.
37. Конен В. История зарубежной музыки. Выпуск 3-й. Москва, 1984.
38. Конен В. Рождение джаза. Москва, 1984.
39. Коллиер Д. Становление джаза. Москва, 1984.
40. Крунтяева Т. Итальянская комическая опера 18 в. Ленинград, 1981.
41. Левик Б.В. Музыкальная литература зарубежных стран. Выпуск 2-й. Москва, 1979.
42. Левик Б.В. Музыкальная литература зарубежных стран. Выпуск 4-й. Москва, 1982, Выпуск 5-й. Москва, 1972.
43. Ливанова Т.Н. Западноевропейская музыка 17-18 вв. в ряду искусств. Москва, 1977.
44. Ливанова Т.Н. История западноевропейской музыки до 1789 г. т.1. Москва, 1983, т. 2. Москва, 1982.
45. Мартынов И.И. Д.Шостакович. Москва, 1970.
46. Мартынов И.И. С.Прокофьев: жизнь и творчество. Москва, 1974.
47. Матутите Е.А. Советская массовая песня 70-80-х гг. Москва, 1982.
48. Мазель Л. Раздумья об историческом месте творчества Шостаковича. Советская музыка № 9. 1975.
49. Михайлов М. А.Н. Скрябин. Ленинград, 1982.
50. Музыка Австрии и Германии 19 в. кн. 1. под общей редакцией Цветович Т.Э. Москва, 1973.
51. Музыка 20 в. Очерки. ч.1. Редакция Житомирского Д.В. Москва, 1976.
52. Нестьев И. Жизнь Прокофьева. Москва, 1973.
53. Никитин Б.С. Чайковский. Старое и новое. Москва, 1990.
54. Никитина Л. Советская музыка. История и современность. Москва, 1991.
55. Орлова Е. Очерки о русских композиторах 19 начала 20. Москва, 1982.
56. Орлова Е. Лекции по истории русской музыки. Москва, 1979.
57. Попова Т.М. Основы русской народной музыки. Москва, 1977.
58. Попова Т.М. О музыкальных жанрах. Москва, 1981.

59. Попова Т.М. Зарубежная музыка 18 начала 19 в. Москва, 1976.
60. Покровский Б. Сотворение оперного спектакля. Москва, 1985.
61. Прибегина Г.А. П.И. Чайковский. Москва, 1984.
62. Пэрри К. Оул Дж. Образцы музыкальных форм от григорианского хорала до Баха. Ленинград, 1975.
63. Розеншильд К.К. История зарубежной музыки. Вып. 1-й. Москва, 1978.
64. Розеншильд К.К. Музыка во Франции 17 начала 18 вв. Москва, 1979.
65. Розанова Ю. История русской музыки. т.2. Москва, 1981.
66. Русская музыкальная литература.  
Выпуск 1-й. Ленинград, 1982.  
Выпуск 2-й. Ленинград, 1975.  
Выпуск 3-й. Ленинград, 1976.  
Выпуск 4-й. Ленинград, 1985.
67. Рыцарева М.Г. Русская музыка 18 в. Москва, 1987.
68. Сабина М. Шостакович – симфонист. Москва, 1976.
69. Слово о музыке: русские композиторы 19 в. Хрестоматия. Составители: Григорович В.Б., Андреева З. Москва, 1990.
70. Советская музыкальная литература. Коллектив авторов под редакцией Фрид Э. Москва, 1970.
71. Советская музыкальная литература. Под редакцией Риттих М. Вып. 1-й. Москва, 1981.
72. Советская музыкальная литература. Под редакцией Бокшанина Е. Вып. 2-й. Москва, 1983.
73. Скудина Г. Рассказы о Бахе. Москва, 1985.
74. Сказка в творчестве Н.А. Римского-Корсакова. Сборник статей. Москва, 1987.
75. Стасов В.В. Статьи о музыке. Выпуск 5а. Москва, 1980.
76. Стретьякова Л. Советская музыка. Москва, 1978.
77. Тигранов Г.А. И.Хачатурян. Ленинград, 1978.
78. Тигранов Г. Балеты Хачатуряна. Москва, 1974.
79. Холопова В.Н. Холопов Ю.Н. Антон Веберн. Москва, 1984.
80. Хачатурян А. Страницы жизни и творчества. Москва, 1982.
81. Хохловкина А.А. Западноевропейская опера. Конец 18 – первая половина 19 в. Очерки. Москва, 1962.
82. Черная Е. Беседы об опере. Москва, 1981.
83. Чулаки М. Инструменты симфонического оркестра. Москва, 1972.
84. Шольп А. «Евгений Онегин» Чайковского. Ленинград, 1982.
85. Шнеерсон Г.М. Портреты американских композиторов. Москва, 1977.
86. Штейнпресс Б.С. Популярный очерк по истории музыки до 19 в. Москва, 1963.

87. Штейнпресс Б.С. Музыка 19 в. ч.1. Классицизм и романтизм. Популярный очерк. Москва, 1968.
88. Цуккерман В. Соната си минор Ф. Листа. Москва, 1984.
89. Цыпин Г. Шопен и русская пианистическая традиция. Москва, 1990.
90. Юзефович В. Арам Хачатурян. Монография. Москва, 1990.



## Пояснительная записка

Воспитание подрастающего поколения в условиях нового времени, в период развития нового общества, где «ведущий фактор – это сами люди, их воля, энергия, настойчивость, знания»<sup>1</sup> становится первоочередной задачей. Чтобы крепко стоять на ногах, занять свою нишу в социуме, человека должны отличать «профессионализм, патриотичность, способность ставить долгосрочные задачи, умение и воля решать их в новых условиях...»<sup>2</sup>. Данный процесс непрерывен и многогранен, но особенно приоритетными становятся детские учебные заведения, так как фундаментальные аспекты личности закладываются именно в детском возрасте. Поэтому цель всего процесса обучения в Детской музыкальной школе и, в частности, предмета «Музыкальная литература» внести вклад в гармоничное развитие личности, в формирование ее творческого потенциала; расширить кругозор школьника, приобщить к культурным ценностям мирового сообщества.

